



КЕЛЕШЕК

«БАЛЫҚ БЕРМЕ,

«Адамға балық берме, балық ұстауды үйрет». «Бұл менің пәлсапам» – деді әлемге әйгілі экономист Артур Лаффер жақында өткен бір жиында. Ол кезінде Рейган мен Тэтчерге қаржы дағдарысын еңсеруге кеңес берді. Оның пікірінше, салық жеңілдігі, мығым ақша, еркін сауда, төмен инфляция



БАЛЫҚ ҰСТАУДЫ ҮЙРЕТ»

және бюрократиялық кедергінің аз болуы өркендеуге жол ашады. Мұны біздің экономистер де айтып жүр. Бірақ жалпыға тән талап барлық елді «жерсіне» бермейді. Дегенмен, Лаффердің ашыққанның аузына тамақ тоса бергенше, оның нан табуына, еңбек етуіне мүмкіндік туғыз дегені қисынды. Әсіресе, кәсіпкер мен фермерге субсидия берумен шектеліп, ақшаның қалай жұмсалғанына бас қатырмай келген біздің атқарушы билікке қажет қағида.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖҮЙРІК ЖАҢАЛЫҚ



Осы уақытқа дейін 2,4 трлн теңге жария етілді. Бұл туралы Мемлекеттік кіріс комитеті хабарлады. Оның ішінде 100 355 нысан мен 806 млрд теңгеге пара пар бағалы қағаз еліміздің аумағына тиесілі. Ал шетелдегі 129 нысан мен бағалы қағаз түріндегі мүлік 5,4 млрд теңгені қамтиды.



Елімізде бюджет тапшылығы 577 миллиард теңгені құрап отыр. Бұл туралы Мәжілісте 2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы таныстырылғанда белгілі болды. Аталған мәселені шешу үшін мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып, қаржының тиісті мақсатта жұмсалуды қатаң бақылауға алынады.



Елімізде бидай егіс алқабын 2 млн гектарға дейін азайту көзделіп отыр. Бұл туралы еліміздің ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары Қайрат Айтуғанов мәлімдеді. Есесіне, майлы дақылдар егетін алқаптың аумағы ұлғайтылмақ. Себебі Еуропада зығырға, ал Қытайда рапса құраныс артып келеді. Биыл ел диқандары 8 жарым миллион тонна астықты экспортқа шығаруды жоспарлап отыр.

МӘСЕЛЕ

Үлескердің жағдайын ескер



«Біздің көз алдымызда мүлдем түсініксіз, құқықтық норманың шегінен асып кеткен жағдай орын алуда. 2011-2012 жылы 4500 үлескер 40 млрд теңге көлеміндегі қаржыны үй алу мақсатында «Азбука жилья» компаниясына аударған болатын. Үлескерлердің айтуынша, аударылған қаржы түгелімен ұрланған. Себебі салынбақшы болған 9 үйдің екеуінің қаңқасы қаланса, қалғаны фундаментпен ғана тұр.

(Жалғасы 3-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ



Майра АЙСИНА:

Ауылдағылар ақша бөлінгенін білмейді

«Астананың іргесіндегі Қорғалжын ауданына барып, халықпен кездестік. Ауылға 9 миллион теңге бөлінген екен. Бір қызығы, қараша халық ауылға бөлінген қаржыдан бейхабар. Ал ауыл әкімі болса «9 миллион теңгеге қоқыс шығардық» деп қарап отыр». Мәжіліс депутаты Майра Айсина бізге осындай жаңалықты жеткізді. Депутат әкімдерге не үшін сенім артпайтынын осылай түсіндірді.

Жас қазақ: Өткенде жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты «ауылдарға қаржы берсек, жемқорлыққа жол беріп алуымыз мүмкін» деп айттыңыз. Әкімдерге сенімсіздік танытуыңызға не себеп?

Майра Айсина: Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң қабылдап, өзіне қажетті дүниені халықтың өзі тандап шешуі керемет бастама. Бұл бұрыннан бері айтылып, жазылып, жауыр болып келе жатқан күрделі мәселе. Оның үстіне концепция бойынша бұл жұмыс 2013 жылы басталып кеткенін көзі қарақты оқырман білсе керек. Нақтырақ айтсам, 2013 жылы шенеуніктер мен халықты үйрету мақсатында ауылға аз мөлшерде қаржы бердік. Мәселен, ауылға тұрғындардың санына орай 5 миллионнан 15 миллион теңгеге дейін қаржы бөліне бастады. Осыдан кейін «ақшаны қайда жіберіп жатырсыздар?» – деп әкімдерден сұрасақ, мардымды жауап ала алмадық. Өкінішке қарай, әкімдер халықты жинап «Ауылға ең алдымен не керек» – деп ақылдаспайды екен. Әрине, барлығын бірдей кінәлауға болмайды.

Айталық, Бұрабай ауданында бір ауылға 7 миллион теңге бөлініп, көшеге жарық орнатылыпты. Біз «көшеге жарық бермес бұрын жөндеу көрмеген жолға неге асфальт салмадыңыздар» деп әкімге сұрақты төтесінен қойдық. Біздің бұл сауалымызға әкім «Халық әуелі жол емес көшеге жарық тарту керек. Сондықтан да ауыл тұрғындарымен ақылдаса келе, осындай шешім шығардық», – деп жауап берді.

(Жалғасы 3-бетте)

БАСПАСӨЗ – 2016

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

«Жас қазақ» газетіне 2016 жылы жазылу жалғасуда

Жазылу мерзімі	Алматы	қала	ауыл
1 айға	225,29	235,86	248,6
3 айға	675,87	707,58	745,8
6 айға	1351,74	1415,16	1491,6
12 айға	2703,48	2830,32	2983,2

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫН ТӨТЕ ЖАЗУМЕН ДЕ ОҚИ АЛАСЫЗ

jasqazaq.kz



ТҮЙТКІЛ

АЯНЫШТЫ алты тағдыр



Қалалық мешітке таяу маңдағы саябақта алты баланың суық үйде дірдеп жатқаны белгілі болды. Көршілерінің айтуына қарағанда, бұлардың анасы бірнеше жылдан бері көрінбейді. Балалары оның оңтүстік облыстардың бірінде жұмыс істеп жүргенін айтып, шешесіне шаң жуытқысы жоқ.

(Толығырақ 7-бетте)

Билік

ДАҒДАРЫСТАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМГЕ



Елбасы мемлекеттік басқару жүйесіндегі кадрлық және құрылымдық өзгерістер мәселелері жөнінде мәлімдеме жасады. Нұрсұлтан Назарбаев үкіметтегі және бірқатар мемлекеттік органдардағы жаңа тағайындаулар мен құрылымдық өзгерістерге түсініктеме бере отырып, олардың қазіргі сын-қатерді лайықты еңсеру қажеттілігінен туындағанын айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев «Жақында облыстардың, Астана мен Алматы қалалары әкімдерінің қатысуымен өткен үкіметтің кеңейтілген отырысында дағдарыспен күрес жұмысынан экономиканың өсімін ынталандыру бағдарламасына көшу жөніндегі шаралар талқыланды. Бұл қосымша жұмыс орындарын ашуды, атап айтқанда, ауыл шаруашылығында, тұрғын-үй құрылысында және баска да салаларда халықтың табысын арттыруды көздейді. Осыған

байланысты жана министрлер кабинеті алдына нақты міндеттер қойылды. Үкімет құрамында жасалған өзгерістер басқарушылардың жана буынының, соның қатарында «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің де уақыты келгенін көрсетеді, — делі. Мемлекет басшысы жасалған өзгерістер халықтың әл-ауқатын арттыруға, экономикалық көрсеткіштерді жақсартуға, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және еліміздің қарқынды дамуына бағытталғанын атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев Гонконг арнайы әкімшілік ауданының қаржы министрі Джон Цангпен кездесті. Онда «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру барысындағы өзара іс-қимыл мәселелері жан-жақты талқыланды.

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ – КӨПКЕ ОРТАҚ

Мемлекет басшысы сапардың жоғары маңыздылығын, сондай-ақ Гонконгтың қаржы, инновация және технология саласындағы тәжірибесінің құндылығын атап өтті. Елбасы «Гонконг әлемдік жетекші қаржы орталығының бірі болғандықтан, сіздердің тәжірибелеріңіз бізге аса қажет. Қазіргі уақытта біз қалыптасу кезенін бастан өткерудеміз. Жалпы, өзара іс-қимылымыз Қазақстан мен Қытай арасындағы достық қарым-қатынастың аясында ілгерілеп келеді», — делі.

Ал Д.Цанг өз кезегінде Н.Назарбаевқа көрсеткен қонақжайлығы үшін алғыс айтып, бұған дейінгі өткен келіссөздің табысты болғанын атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстан мен Қытай арасындағы берік серіктестік



байланыс ынтымақтастықтың негізі болып саналады. Ол «Делегациямыздың құрамында 20-ға жуық іскер топ өкілі бар. Біз Қазақстан тарапымен жемісті келіссөздер жүргізіп, оның барысында талқыланған күн тәртібіндегі барлық мәселе жөнінде өзара түсіністікке қол жеткізе білдік», — делі.

Будан бөлек, Гонконгтың қаржы министрі Назарбаев университетінің студенттерімен әңгімелесуден зор әсер алғанын атап өтті. Сонында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Д.Цанг Қазақстан мен Гонконгтың одан әрі ынтымақтастығы табысты болатынына сенім білдірді.

Әлеумет.t⁰



Шетел асқанның әдеті

Таяуда бір танысым Түркияға барып келді. Енбек демалысының бір аптасын Анталияда өткізген. Ол елді алғаш көрсе керек, есі кетіп, аузының суы құрып, мактауын асырды әбден. Қит есте, «шетелге кетемін, елде тұрмаймын» деп қиғылық салатынды шығарды.

Осыдан тура бір жыл бұрын сапарлас болған тағы бір әріптесім де Түркияның екі-үш қаласын көріп, қайтар жолда сандыраққа басып еді. «Еліміз дамып келеді», «Алға», «Біздің болашағымыз...» деген сарында жаттанды ұран-сөздерінің бірін айтып, біріне секірді. Жүзінен мұң байқалады, ашуланып келеді.

Расында, шетелге барған адамның сәл де болса ойы өзгереді. Өз елі мен өзге елдегі жағдайды салыстырады. Жақсы-жаманын ажыратып, өзілгінше іштей ой түйеді.

Жақында бір жолдас балам да мұнын шақты. Танысы мұхит асып, Америкада жүрсе керек. Сонда қызметке орналасқан. «Америкаға кетсе, шүкір ету керек, ол жакка бара алатындай мүмкіндік беріп отырған біздің ел ғой, еліміздің саясаты» дейді сөзін жалғастырып.

Сәл кідіріс жасап болған соң, «Неге батыс көрген адам, Америка асқан казак өз елін жек көріп кетеді екен, а?» деп сұрақты төтесінен қойды. «Мұхит асқандар неге Қазақстанды жамандап жазады екен?» деп тағы бір сұрақтың шетін қылтитты.

Сәлден соң, «Сен неге елді жек көріп кетпедің,

неге жамандамай отырсың, әй, бірақ осыдан жамандап көр, араласпай қоямыз» деп, аякасты әзіл-шыны аралас шарт қойды.

Айтпақшы, елден кетем деп қиғылық салған танысым еліміздің Түркиядай болуы үшін әлі 40-50 керектігін айтып қалды. Неге сүйенгенін, қандай дәйек келтіретінін сұрамадық та. Неге 40-50 жыл, неге 100 жыл емес?! Таркатып айтпады да!

Жалпы, мұндай сауал мені бұрын да мазалайтын. Таяуда АҚШ-қа кетпес бұрын маған да осындай ой келді. Жолға не алам, не кием, не ішем дегеннен гөрі, ол жақты көруге дайынмын ба, көрген соң, менің де сандырақтап кетуім мүмкін бе?!

Жолға шықпас бұрын да өзіме сөз беруге тырыстым. Оралған соң ол жақты аса көп мактамауым керек, өз елімді жек көріп кетпеуім керек.

Өйткені, Американы дамытқан американдықтар, Түркияны Түркия еткен түріктер. Қазақстанның да Қазақстан болуы өз тұрғындарының қолында! Тек соны қазақтарға, қазақстан-дықтарға аздап болса да, түсіндіру керек.



Асқар АҚТІЛЕУ, Ақтөбе

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

400

мың теңге. Шенеунік Жазира Жаппарқұлға осынша теңге тұратын көлік нөмірін сыйлапты

300

млн теңге. Алматыдағы «Көк базар» маңайындағы тұраққа жұмсалған ақша

700

мың теңге. Қарағанды облысында мекеме директоры алған парасын дәретханаға ағызып жіберген



Мұхтар ТІНЕКЕЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Жалақының ең төменгі мөлшері 24459 теңге. 24 мың деген не ол? Ең төмен зейнетақы 28 мың теңге дегенді түсінуге болады. Ата-анасына балалары көмектеседі. Оның үстіне жастарға қарағанда олар көп жаратпайды. Сіздер осындай жалақыны көрсеткенде қандай есепке сүйенесіздер? Мәселен, саудагер өз қызметкеріне 70-100 мың теңге төлесе, құжат бойынша ең төменгі жалақы мөлшерін көрсетеді. Соған сәйкес, зейнетақы төлемі аударылады. Сіздер осындайларды қалай анықтайын деп отырсыздар? Мәселен, сол адам жол жүру ережесін бұзып, 20 мың теңге айыппұл төледі делік. Сонда ол 4 мың теңгемен қалай өмір сүреді?

Бақыт СҰЛТАНОВ, қаржы министрі:

«Жалақының төменгі мөлшері халықтың өмір сүру деңгейінен төмен кездер де болған. Біз қазір соны теңестірдік. Бүгінде жеке сектордағы әлеуметтік салық, жеке табыс салығынан жалтарып, жалақыны конвертке салып беріп жүргендермен тиісті мемлекеттік мекемелермен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз. Ал жалақының төменгі мөлшерін көбейту бюджетке байланысты. Себебі біз әлеуметтік төлемімізді өмір сүру деңгейімен теңестірдік. Сол себептен бюджеттің мүмкіндігіне қарау керек»



Бақытжан САҒЫНТАЕВ, Премьер-Министр:

«Бәрімізді қауырт жұмыс күтіп тұр. Елбасымен бірге баратын сапар болмаса, бүкіл шетелдік іс-сапарды жыл соңына дейін қоя тұру қажет. Аса бір қажеттілік туындап қалса, онда менің жеке өкімім бойынша шығасыздар. Өңірлерге жасайтын сапарға да келісіп шығасыздар. Сіздер үкімет тарапынан қандай шешім керек, тез арада анықтап, ұсыныс енгізіңіздер. Біз қабылдаған шешім қарапайым халыққа түсінікті болуы тиіс. Біздің кез келген шешіміміз жұртшылыққа тез арада жетіп, мақсат-міндетті үнемі түсіндіріп отыру қажет»



– Қаржы министрлігі ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің дайындығына және оны өткізуге қосымша 111 млрд теңгеге жуық қаржы бөлетінін хабарлады. Онда өткен жылы не үшін үнемдеді? Бұл қосымша қаржы қайда жұмсалмақ?

Сауалы Ақпаның Жауабы

Сергей КУЯНОВ, «ЭКСПО-2017» ҰҚ қоғаммен байланыс департаментінің директоры:

– Біріншіден, ешқандай қосымша ақша туралы әңгіме болған жоқ. Бұл қаржы бұрыннан қарастырылған. Қаржы көрмені насихаттау жұмысына жұмсалады, яғни негізгі мерекелік шаралар. Оны өткізбесе, дайындықтың бәрі зая кетеді. Екіншіден, өткен жылы үнемделген 131 млрд теңге жоба құнын төмендету мен ағымдағы шығындардан азайтудан жасалған. Сол себептен бұны оған еш қатысты жоқ. Сол себептен үнемдемеген күннің өзінде, 2017 жылға бұл ақша қарастырылған. Тағы қайталап айтамын, қосымша ақша туралы ешқандай әңгіме болған жоқ.



Тәсіл

Жер серік арқылы қадағаланады

Отандық ғалымдар электронды білезік арқылы сотталғандарды есепке алу және бақылаудың жаңа жүйесін ойлап тапты. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Инвестициялар және даму министрлігі әуеғарыш комитеті төрағасының орынбасары Мейірбек Молдабеков хабарлады.

Оның айтуынша, бұл сотталғандарға мерзімін едәуір ыңғайлы жағдайда өткеруге мүмкіндік береді. Бірақ олар әрдайым бақылауда болуы тиіс. Осы мақсатта жер серігі навигациясын қолдану арқылы автоматтандырылған жүйе жасалды. Ол арнайы білезік арқылы сотталушының қайда жүргенін, белгіленген аумақтан шығып кетпегенін қадағалап отыруға мүмкіндік береді. Егер шығып кеткен болса, жедел қызметке белгі түседі. Содан соң олар тиісті шара қабылдайды.

М.Молдабеков елімізде қамауда отырған бір аламға мемлекет жылына 600 мың теңге қаражат бөледі. Ал білезік құны 200 мың теңгеден аспайды. Аталған жоба болжам бойынша келер жылы енгізіледі.

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)



Майра АЙСИНА:

Ауылдағылар ақша бөлінгенін білмейді

Шынында да, халық кешке сабақтан қайтып келе жатқан балаларының қауіпсіздігі үшін алаңдайды. Еркін пікір алмасудың арқасында ауылға ең бірінші қажетті жол емес, жарық екенін білдік.

Алайда барлық әкім халықпен ақылдасып, олардың талап тілегіне құлақ асып жатыр деп айта алмаймыз. Айталық, Астанын іргесіндегі Қорғалжын ауданына барып, халықпен кездестік. Ауылға 9 миллион теңге бөлінген екен. Бір қызығы, қараша халық ауылға бөлінген қаржыдан байхабар болып шықты. Ал ауыл әкімі болса, «9 миллион теңгеге қоқыс шығардық» деп қарап отыр. Ауыл әкіміне «қоқысты шығаруға 9 миллион теңге жұмсағанша, оны басқа мақсатқа жұмсадыңыздар ма? Тазалықты халықпен ұйымдасып, сенбілік жасау арқылы жүргізуге болатын еді ғой» дедік. Халықпен тікелей сөйлесіп көрсек, әкім ауыл тұрғындарымен ақылдаспай, өз бетінше әрекет етіпті. Осындай жағдайдан кейін кейбір әкімдерге сенім білдіру өте қиын болып отыр.

Жас қазак: Биыл жазда халықпен кездескенде жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты тағы басқа қандай мәселені көзбен көрдіңіз?

Майра Айсина: Ауылға қаржы беріле бастағанына 4 жыл болып қалды. Өкінішке қарай, қараша халық бұдан бейхабар болып отыр. Мәселен, шілде айында ауыл-аймақты аралағанда «Сіздерге қаржы бөлініп жатыр, бұдан сіздер хабардарсыздар ма?» деп халықтан әдейі сұрадым. Сондай-ақ тұрғындармен кездесуде «Қоғамдық кенес құрылған болатын, әкімдер сіздермен ақылдасып тұра ма?» деп сұрақ қоямын. Бір таңғаларлығы, олардың жауаптары көңіл қоншптейді. Себебі біздің қабылдаған көптеген заңдарымыз халықтың құлағына жетпейді. Әрине, бұл арада 50 пайыз кінә халықта болса, қалған қателік үкімет тарапынан кетіп жатыр. Өйткені халық шыққан заңды оқып, өзіне пайдалы заңды кәдесіне жарата алмай отыр. Ал үкімет заң шыққаннан кейін халықпен кездесіп, олардың қандай мүмкіндігі бар екенін ашып айтпайды.

Жас қазак: Ауылға бөлінген қаржыны әкімдер жеп қояды деп алаңдамай, бәлкім, оның тиімді жұмсалып жетігін қарастыру керек шығар...

Майра Айсина: Біз ауыл бюджетіне бөлінген қаржыны әкімдер жеп қояды деп қорқып отырған жоқпыз. Егер біз әкімдерден қорқып, сенімсіздік танытатын болсақ, мүлде қаржы бермейтін едік. Міне, 4 жылдан бері ауылдарға белгілі бір деңгейде қаржы беріліп жатыр. Ал 2018 жылдан бастап 2 мыңнан астам тұрғыны бар ауылға өздерінің бюджетін жасап беруді көздеп отырмыз. Бірақ әр нәрсенің екі жағы болады. Халық өзінің құқығын қорғай білуі керек. Мәселен, әкім ақша бөлінгенін айтпаса, халық өзі барып, оның есіне салып тұруы керек. Ұзын сөздің қысқасы, жергілікті өзін-өзі басқаруда қарапайым халықтың белсенділігі маңызды екенін ескерген жөн.

Жас қазак: Жергілікті өзін-өзі басқару заң жобасы керемет бастама. Алайда қаралып жатқан заң жобасында кемшіліктер немесе артықшылықтар байқалдыңыз ба?

Майра Айсина: Біз кейбір заңды жылы кабинетте отырып, жоғарыдан жазамыз ғой. Ал дәл осы заң халықтың өзінің талап-тілегінің арқасында қабылданып отыр. Менің ойымша, заң жобасында айта қаларлықтай кемшілік жоқ. Алайда алдағы уақытта насихатталу жағына көп көңіл бөлу керек.

ҚАРАША ХАЛЫҚ ХАБАРСЫЗ

Жас қазак: Мәжілісте 2017-2019 жылдарға арналған бюджеттік заң жобалары таныстырылып жатыр. Үкімет бюджет мәселесін шешуде тағы да Ұлттық қорға иек артып отыр екен. Ал қоғамда «Ұлттық қордағы ақшаны онды-солды шаша беруге болмайды» деген пікір айтылып қалады. Бұған сіз не айтасыз?

Майра Айсина: Ұлттық қордан қыруар қаржы алып жұмсап жатқан жоқпыз. Бүгінгі жағдайға сәйкес шамалы қаржыны алып жатырмыз. Егер

бұрынғыдай көйлегіміз көк, қарнымыз ток болып жатса, алдағы уақытта Ұлттық қорды қайта жинай береміз. Бірақ қазіргі дағдарыс кезеңінде халықтың тұрмыс деңгейі нашарламасын деп осындай қадам жасалып жатыр. Қандай қиын жағдай болса да халықтың әлеуметтік жағдайын төмендетпей ұстап тұру керек. Әуелде Ұлттық қор осындай қиын-қыстау заманда керек болады деп құрылған болатын. Оның үстіне Ұлттық қордағы ақшаны жұмсаудың өзінің белгілі бір шарты бар. Әзірге біз осы шартты орындап отырмыз. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Биыл және келер жылға дейін шыдайық. Шамамен 2019-2020 жылдан бастап жағдайымыз жақсаралы» деп мәлімдеді. Біз Елбасының сөзіне сенім артамыз.

Жас қазак: Осы сессиядан бастап Мәжілістегі заң жобаларын талқылауға саяси партиялардан бастап, белсенді азаматтарға дейін қатыса бастады. Заң жобасын қабылдаған кезде олардың ұсыныс тілегін қаншалықты ескересіздер?

Майра Айсина: Шынын айту керек, Парламентке азаматтық белсенділер мен саяси партияларды тарту Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысы болатын. Біз Елбасының ұсынысын қолдап, саяси партиялар мен азаматтық белсенділерді жақсы қабылдап жатырмыз. Бірақ Мәжілістің бұған дейін де есігі әрбір азаматқа ашық болғанын естен шығармаған жөн. Өкінішке қарай, бұдан қараша халық хабарсыз болатын. Оның үстіне азаматтық белсенділер де ықылас танытып, өздері де Мәжіліс отырысына қатысуы керек еді. Өйткені біз «Жоқ, Мәжіліс жиынына қатыспайсыз» деп ешкімге айтқанымыз жоқ.

Алайда бұл жолы әрбір азаматқа бірнеше рет телефон шалып, заң жобасының талқыланатыны туралы хабар беріп жатырмыз. Кейбір азаматтар жиналысқа келеміз дегенімен жемеге келгенде қатыспай жатыр. Мәжілістің жұмысы әуелден ашық.

Сұхбаттасқан Серік ҚУДАЙБЕРГЕНҰЛЫ

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

Келешек

(Басы 1-бетте)

Газетіміздің осы нөмірінде Мәжіліс депутаты Майра Айсина, тіпті ауылға деп бөлінген қыруар қаржының қандай мақсатқа жұмсалғанын жергілікті әкімнен басқа ешкім білмейтінін айтады.

Тәжірибелі технократ Бакытжан Сағынтаев келген соң үкіметтің жана экономикалық саясаты айқындалып, жүзеге аса ма? Ауыл шаруашылығының қандай салаларына басымдық беріледі? Жолы ауыр жеңіл өнеркәсіп жандана ма? Аймақтар өз ерекшелігіне қарай мамандануы керек пе? Дамыған мемлекеттерде экономиканың бел омыртқасы болып табылатын шағын және орта бизнестің біздегі болашағы қандай? Міне, осындай қадау-қадау сауал көпшілік атаулының көкейінде тұр.

Шикізат бағасының арзандауы ауыл шаруашылығына бет бұруға септігін тигізді. Әлемде азық-түлікке сұраныстың артуы, атап айтқанда, Қытай нарығының ашылуы бұл салада белгілі бір бағыттарға басымдық беру керектігін көрсетті. Шығыстағы көршімізде орта дәулеттілер көбейіп, ет өнімдеріне сұраныс артты.

Аймақтар арасында, астық өсірумен айналысатын терістік облыстарды қоспасақ, Жетісу мен Манғыстау сол өңірдің мүмкіндігіне қарай мамандануда. «Қара алтын» бағасы құлдыраған соң Манғыстау әкімі А.Айдарбаев төртінші мұнай өңдеу зауытын салуды ұсынды. Ол сол арқылы жергілікті тұғынушыны мұнай өнімдерімен қамтамасыз етіп қана қоймай, артығын шетке сатуға болатынын айтады. Тиімді ұсыныс өзінше қолдау таппай жүр. Содан шығар, бензиннің 30 пайызын терістік көршімізден сатып алуға мәжбүрміз. Манғыстау облысы соңғы кездері Ақтау және Құрық аймақтары арқылы транзиттік тасымалдың әлеуетін арттыруға күш салып жатыр.

Өндіріс ошағы жоқтын қасы Алматы облысында әкім А.Баталов қызылша өсірушілерге жағдай жасады. Қантарылып тұрған Көксу қант зауытына жұмысшылар оралды. Енді Ақсу зауыты қайта іске қосылады. Дегенмен, топырағы құнарлы, суы мол Жетісу тек елімізді ғана емес, көрші елдерді де азық-түлікпен қамтамасыз ете алады. Үкіметтің бір міндеті аграрлық жобаларға инвестор тарту болса керек.

«Балық берме, балық ҰСТАУДЫ ҮЙРЕТ»

Іргедегі Моңғолия мен алыстағы Жаңа Зеландиядан қой еті жеткізіледі. Миллиардтан астам тұрғыны бар елдің сұранысы бұдан да жоғары. Сондықтан кейбір өңірлер үшін мал өсіруге бейімделу табыс көзі болғалы тұр. Жақында «Жас қазакқа» сұхбат берген Қазақстан Женіл өнеркәсіп қауымдастығының төрайымы Любовь Худова осы салаға тері мен жүн беретін мол шаруашылығының мүмкіндігі мол екенін нақты мысалдармен айтып берді.

Кәсіпкер Теміржан Жалғасбаев отандық бір журналға Алматы секторында ауыл шаруашылығына беріліп жатқан субсидияны құмға сіңген суға теңейді. Ол бөлінген қаржы тиімді жұмсалып, сұраныс болу керек дейді. Теміржан Алматыға тақау жерде алма өсіреді. Бұл істі қолға алғанда сәтсіздікке ұшырапты. Өйткені, агроном баяғы кеңестік үлгімен тынайтықшы берді. Сол себепті, жемісі де мәз емес. Ал Ресей жыл сайын сырттан 1 млрд долларға алма сатып алады. Санкция енгізілгенге дейін алманың 55 пайызы Польшадан жеткізілген. Кәсіпкер қазірдің өзінде өсірген алмасының тоннасын 500 долларға сатып жүр. Оның ойынша, ауыл шаруашылығында кәсіпорындар қасынан шикізатты кәдеге жаратуға мүмкіндік беретін кооператив құруды жолға қою қажет.

Екі облысты бекер мысал еткеніміз жоқ. Аймақты былай қойып, мемлекеттің бір салаға мамандануы тәжірибеде бар. Грузия біраз жыл бұрын шай өсіруден бас тартты. Қоқымы көп, сапасыз шай жылдар бойы өндірілді. Қисапсыз қаржы жұмсалды. Жаһандану кезінде ол бәсекеге төте бере алмады. Осыны көрген грузин үкіметі шай алыпқатарының орнына фындық (жаңғақ) ағашын өсіруді қолға алды. Түркиядан инвестор тартты. Аз уақыттың ішінде Грузия фындық экспорты бойынша әлемде үшінші орынға шықты. Айта кету керек, соңғы бірер жылда осы жаңақтың келісі 5 доллардан 15 долларға дейін алқапбаттап кетті.

Ауыл шаруашылығы министрі Аскар Мырзахметовке үкімет басшысының орынбасары міндеті қоса жүктелуі мемлекеттің осы салаға басымдық бергенін көрсетеді. Мамандар елдің жана экономикалық саясатында аграрлық сектор кешенді даму бағдарламасымен көрініс табуы тиіс деген пікірде. Жалпы, қай сала болмасын, ендігі жерді үкіметке қаржыны есеппен жұмсап, игілігін көретіндей саясат ұстануы тиіс. Тақырыпты біздің жағдайымызға лайықтасақ, ақша берме, ақша табуға жағдай жаса.

Талап ТІЛЕГЕН

Қыжыл

Оқушы сатып алуға мәжбүр

Қазіргі таңда жоғары сынып оқушылары алғашқы әскери дайындық сабағында киетін арнайы форма сатып алуға мәжбүр. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында Айқын Қоңыров мәлімдеді.

Оның айтуынша, ата-аналар осы талапқа тыйым салуды сұрап отыр. Себебі бұл талап 2016 жылдың 14 қантардағы бұйрығымен регламенттелген болатын. Алайда 10, 11-сынып оқушылары және колледждің 1, 2-курс студенттерінің ата-аналары алғашқы әскери дайындық сабағына арнайы әскери киім алу талабына шағымданып отыр. Өйткені, арнайы әскери киім сатып алуға 20-30 мың теңге қажет. Ал ата-аналар аталған қаржыны әскери киім алғанша, қыстық киім алғанды жөн көріп отыр. Депутат «Алғашқы әскери дайындық сабағы үшін арнайы форма алу талабына тыйым салып, бұл сабақта күнделікті немесе спорттық форманы киюге рұқсат беру қажет. Қорғаныс министрлігі есебінен оқушыларды арнайы әскери формамен қамтамасыз ету керек, — дейді.



Сөз-жебе

(Басы 1-бетте)

Владислав КОСАРЕВ,
Мәжіліс депутаты



Әккі алаяқтар, тіпті қағазда жоқ пәтерді саудалап жүр. Жергілікті билік жер бөлген. Бірақ үйдің жобасын әлі күнге көрмеген. Мұндай шенеуніктерді басқа жақтан көрсем, көзім шықсын. Қазіргі таңда кінәлілер табылып, тергеу жұмысы жүргізілуде. Алайда халыққа бұл емес, пәтері керек. Біздің мемлекеттік мекеме мен жергілікті атқарушы органдар мұндай алаяқтарға неге немқұрайды қарайды? Мен осыны түсінбеймін»

(депутаттық сауалынан)

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жақсыбек ҚҰЛЕКЕЕВ,
ЭКОНОМИСТ:

Үкімет алдында тұрған өзекті мәселе – экономикадағы шикізаттан тыс саланы дамытуға қажетті шешім қабылдап, оны іске асыру үшін халықты жұмылдыра білу. Бұл құрылымдық және институционалдық реформалардың іске асуын талап ететін күрделі мәселе. Экономиканы тек білікті, білімді, іскер, ынталы азаматтар ғана тығырықтан алып шыға алады. Егер үкіметтің қабылдаған шешімі ынталы, іскер азаматтардың сеніміне ие болса, тек сонда ғана олар елге инвестиция тартып, ауқымды жобаларды жүзеге асырып, экономиканың басқа саласының дамуына жол ашады. Сондықтан, үкіметтің алдында тұрған өзекті мәселе – елдің бизнес климатын жақсартып, халық пен іскер топтардың сенімін арттыратындай шешім қабылдау.



Көкжиек

**Адам мұраты
– азаттық!
Ұлт мұраты –
тәуелсіздік! Тәуелсіздік
мұраты – мәңгілік ел!
Осындай ұлы мұрат арқалаған
адамның, ұлттың, тәуелсіз
Қазақстанның болашағы
зор болмақ!**

Ұлы мұраттардың бәрі түптеп келгенде, тек білім арқылы ғана жүзеге асатыны жасырын емес. Білімсіз адам — азат отанында да, азат өмір сүре алмайды. Не жалшылықпен күні өтеді, не надандықпен қылмыс өткізіп, өмірін қор қылады. Ал білімсіз ұлт — санасыз тобыр! Ол азаттыққа ұмтылмауы да

1978 жылы Дэн Сяопин билікке келгеннен кейін, Қытайдың білім жүйесін қайта қарап, мектеп 12 жылдыққа, университет 4 жылдыққа өзгертілген болатын. Сондай-ақ осы екі жолғы реформада да «ұрпақ тәрбиесінің желкені, «мектептің ұйтқысы — ұстаз» екендігі қаперден шығарылмай, ең әуелгі кезекте

мыңды жығады...» деген сөзіне оқушысы қайдан сенсін?! Ол үшін оқытушылардың жалақысы жергілікті шенеуніктің жалақысынан 10 пайызға жоғары болу керек. Сондай-ақ сынып жетекшілері күн демей, түн демей, сыныбындағы оқушылардың артында жүреді, керек болса оқушылардың үйлеріне барып, ата-аналарымен кеңес құрады. Сондықтан учаскелік полицейлерге берілетін үстеме ақы сынып жетекшілеріне де берілуге тиіс.

— Қазір ұстаздардың қалыпты білім беруі, алаңсыз өмір сүруі қиындап барады. Өзге емес, білімге құлқы жоқ, тәртіпсіз оқушылар ұстаздардың ар-намысына тиеді, тіл тигізеді, қорқытып-үркітеді, жабылып сабап кетеді, тіпті өлтіріп кететін жағдайлар орын алып тұрады. Осыған байланысты «Ұстаздардың

COMMENT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



5

УАҒДАЛАСТЫҚ

Қатардағы кездесу

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ негізінде Қазақстан-Қатар ғылыми-білім беру орталығын ашылуы мүмкін. Университеттің ректоры Ғалымқайыр Мұтанов Қатар мемлекетінің Доха қаласына жұмыс сапарымен барып, білім министрі Мұхаммед әл Хаммадимен жүздесті. Кездесу барысында ҚазҰУ мен Қатардың жоғары оқу орындары арасындағы серіктестік мәселесі талқыланды. Сондай-ақ орталық ашу хақында өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға уағдаласты.



Қатар университетінің ректоры Хасан Дерхаммен кездесу барысында академиялық ұтқырлық, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және тағылымдамадан өту мәселелері бойынша тікелей әріптестік орнату тақырыбында әңгіме өрбіді.

Сондай-ақ Ғалым Мұтанов құрамына Шейх Хамад бен Халиф атындағы университет пен Carnegie Mellon университетінің бөлімшесі кіретін, халықаралық танымал Qatar Foundation қорының нысандарын аралады. Аталған оқу ордалары мен қор басшылығы өздері басқарып отырған мекеменің қызметімен таныстырып, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-мен әріптестік орнатуға ниетті екендерін жеткізді.

Білімдегі достық

Қазақ ұлттық аграрлық университеті әлемнің жетекші аграрлық оқу орындарымен арадағы ынтымақтастықты дамытуда белсенді жұмыстар атқаруда. Университет басшылығы соңғы жылдары Шығыс Азияның бірнеше университеттерімен тығыз байланыс орнатып, ғалымдар мен студенттерді алмасу, ауыл шаруашылығы ғылымдары бойынша бірлесе зерттеулер жүргізу үшін өзара ынтымақтастық туралы бірқатар келісімдерге қол қойған болатын.



Шығыс Азия мен Қазақ елі арасындағы әріптестік байланысты одан әрі жандандыру мақсатында Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, академик Тілектес Есполов Қытайдың Солтүстік-батыс ауыл және орман шаруашылығы университетінің өкілдерін қабылдады.

Тілектес Исабайұлы оқу орнының қызметі, халықаралық қатынастар туралы сөз қозғап, Қытайдың Шэньси провинциясында орналасқан Солтүстік-батыс ауыл және орман шаруашылығы университетіне барған сапарындағы әсерімен де бөлісті.

Айта кетейік, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев бастаған делегация 14 шілде күні Қытай Халық Республикасына іс-сапармен барған болатын. Делегация құрамында оқу орнымыздың ректоры Т.Есполов та болды. Сапар қорытындысы бойынша Қазақ ұлттық аграрлық университеті мен Янглин агротехнологиялар орталығы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға, сондай-ақ Солтүстік-Батыс ауыл және орман шаруашылығы университеті арасында келісімшартқа қол қойылды. Осы құжаттарға сәйкес Қытайда қолданылатын инновацияларды Қазақстанда пайдалану, ғалымдар мен студенттерді алмасу, биотехнология, экология, ауыл шаруашылығы ғылымдары бойынша бірлескен зерттеулер жүргізу, фермерлерге арналған білім тарту жүйесін құру көзделген...

Ғылыми Кеңестің шешімімен Солтүстік-батыс ауыл және орман шаруашылығы университетінің президенті Сун Чишин мырзаға университеттің «Құрметті профессоры» атағы берілді.

«ҰСТАЗДА АБЫРОЙ БОЛМАСА, ОҚУШЫ ОҢБАЙДЫ»

мүмкін, ұмтылғанның өзінде стихиялы қарсылықтардан әрі аса алмайды. Ал білімсіз елдің қолындағы тәуелсіздік — көрген түстей баянсыз, алдамшы тірлік немесе мылқаудың қолындағы бомба тәрізді. Сондықтан, экономиканыз, қорғанысыңыз, ұлттық қауіпсіздігіңіз, мәдениетіңіз, денсаулығыңыз, ішкі-сыртқы саясатыңыз, дамып-гүлденуіңіз, бейбіт, бай-бақуатты тірлігіңіздің баяндылығы — бәрі-бәрі білім-білігіңізбен тікелей байланысты. Бүгінгі біздер «қараңғы заман» санап жүрген сонау бағы, тағы дәуірлердің өзінде-ақ ата-бабаларымыз «білекті бірді, білімді мыңды жығады» деп айтып кетіпті. Демек, білімнің рөлі мен қызметі, қадірі мен қымбаты қай заманда да осал болмаған. Ал «Мәңгілік ел» болам деп отырған біз секілді жас мемлекет үшін білім-ғылымның орны тіптен ерекше. Ендеше, еліміздің білім беру жүйесінің қал-жағдайы туралы аз-кем толғандудың еш артықтығы да, әбестігі де бола қоймас.

Біздің елдің білім жүйесінде реформа көп болды. Тәуелсіздіктен бергі білім жүйесіне жасалған реформаны санап тауыса алмайсыз... Бір қызығы, сол реформалардың бір де біреуінде, білім беру жүйесіндегі шешуші фигура, басты фактор — ұстаздың әлеуметтік жағдайы туралы айтылған емес.

Ал мына көрші Қытайда білім беру жүйесі ең кемінде 30-40 жылда бір рет жетілдіріліп, жаңғыртылып отырады. Мәселен, КХР құрылған 1949 жылы Мао мемлекеттік басқару институттарын тұтастай КСРО-дан көшіріп алды. Соған байланысты, басқасын айтпағанда, мектеп 10 жылдық, университет 5 жылдық болып белгіленді.

ұстаздың әлеуметтік жағдайына баса назар аударылды. Соның нәтижесінде дарындар мансапқа емес, университетке, мектепке жүгіретін жағдай қалыптасты.

Ал содан 40 жылдай уақыт өткеннен кейін, Қытайдың жақында ғана тағайындалған білім министрі Чэн Баошэң мырза ҚХР білім беру саласын одан сайын жетілдіру туралы біраз жана ұсынысын мәлімдеді. Бұл жана министрдің жана ұсынысы қытай қоғамы тарапынан жаппай қолдау табуда. Себебі оның айтуынша, бүгінгі уақыттың қарқыны мен дәуірдің тынысына, заманның талабына байланысты қазіргі балалар мен жастарға білім берудің өзіндік талабы мен ерекшелігі қалыптасып отырғаны жасырын емес. Ол ұсыныстардың бастысы мыналар:

— Ұстазды абырой болмаса, ұлтта рух болмайды. Әлеуметтік жағдайының әлсіздігі ұстаздың өз жұмысына деген сенімі мен қоғамдық орнына әсер етеді. Баспанасының, машинасының кредитін жаба алмай жүрген, кеңірдегін асырай алмай жүрген ұстаздың «Білімді

құқын қорғау туралы заң» қабылдануы керек.

— Мектепте сынып жетекшісінің атқарар рөлі ерекше. Осыған байланысты «сынып жетекшісі» міндеті — жарты ставкалық жүктеме ретінде есептелумен бірге,



Чэн БАОШЭН,
Қытайдың білім министрі:

сынып жетекшісіне моральдық та, материалдық та ерекше жағдай жасалуы керек. Сонымен бірге арнайы сынып жетекшілеріне берілетін категориялар, атақ-дәреже болуы тиіс.

— 12 жылдық білім берулі күшінен қалдырып, мектепті 10 жылдық білім беру жүйесіне көшіру керек. Өйткені, қазіргі балалар өткен ғасырдағы балалармен салыстырғанда, ерте есеюде. Сондай-ақ

тынысы бұрынғы 10 жылдық *(бастауыш 5 жыл, Орталық мектеп 3 жыл, Толық орта 2 жыл)* білім беру жүйесін қалпына келтіруіміз керек.

— Әсіресе соңғы жылдары жергілікті билік құрылымдары мектептерге оқу үдерісіне қажетсіз *(кезеңдік саяси үгіт-насихат, сайлау т.с.с.)* іс-шараларды тықпалап, ұстаздарға қысым жасап, олардың алаңсыз білім беруіне кедергі келтіруде. Мектептер мен университеттерді жергілікті биліктің қолшоқпарына айналдырмай, оқу орындарының таза білім берумен айналысуын қамтамасыз етуіміз керек.

Көріп отырғандарыңыздай, ҚХР-дың су жана білім министрі көтеріп отырған түйткілдің бәрі де, біздің елдің білім беру жүйесінде орын алып отырған өзекті мәселе емес пе?!

Ал біз осындай соқталы мәселемен айналысудың орнына «12 жылдыққа көшудің дайындығы», «Әліппенің» атын өзгерту, «Қазақстан тарихы пәнін» алып тастау... деген секілді «реформалармен» әлек болып жүрміз. XX ғасырдағы балалармен салыстырғанда, қазіргі балалардың ерте есейіп *(физиологиялық, сана-сезім, ақыл-ой т.б. жақтардан)* жатқанын ғылымның өзі мойындап отыр. Ал ақпараттық-технология заманының арқасында қазіргі жасөспірім балалардың игерген, жинақтаған ақпараты университет профессорын шаң қаптырып кетеді...

ҚХР білім министрінің ұсынысын біздің елдегі азаматтар, әсіресе білім министрлігі қаперіне алып, ақылға салып көргені жөн болар еді. Өйткені, экспериментті экономикаға, ауыл шаруашылығына т.б. жасауға болар. Бірақ ешқашан да білім саласымен ойланбай ойнауға болмайды. Өйткені, ол — біздің келешегіміз, ертеңіміз! Ойланбай ойнаймыз деп, келешегімізге балта шауып алмайық, ағайын!

Дүкен
МӘСІМХАНҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы, профессор





E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Игілік



Қарақияда ЖОЛ ЖАҢА

Облыс әкімі Алик Айдарбаев Каракия ауданына жұмыс сапары барысында Ақтау-Жетібай-Шетпе автокөлік жолының құрылысымен, Мұнайшы ауылындағы саркынды кәріз суларын тазартатын нысанның жұмысымен танысып, Жетібайдағы жөнделіп жатқан жолды көрді.

Мұнайшы ауылының іргесінде өткен жылдың басында бой көтерген «Реалос» ЖШС-іне қарасты саркынды кәріз суын тазартатын нысанда «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы тұтынған су өңделеді. Мұнда тазартылған су елді мекендерді абаттандыруға, көгалдандыруға пайдаланылады.

Каракия ауданы әкімінің орынбасары Әблеш Түркменбаев «Мемлекеттік — жекеменшік әріптестік аясында әлеуметтік нысандарға арналған құбыр желілерінің құрылысын жүргізу жобасын жасақтаудамыз. Осында тәулігіне 180 текше

метр су тазартылады. Жаңа жоба жүзеге асса, қуаттылығымыз екі есе ұлғайып, мектеп, балабақша, денсаулық сақтау нысандарының, көп қабатты үйлердің кәріз суларын тазартатын боламыз. Құны 70 млн болатын жобаны толық іске асыруды келесі жылға жоспарлап отырмыз», — деді.

Мұнан кейін облыс әкімі Алик Айдарбаев жұмыс қарқыны қызу жүріп жатқан республикалық маңыздағы Ақтау-Жетібай-Шетпе жолының бойындағы



Қайнаған тіршілік күре жолдың бойында. Жол— шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақ теміржол, тасжол, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады.

жұмыстың қалай еңсеріліп жатқанын көрді. Осыдан 6 ай бұрын құрылысы басталған екінші деңгейлі көпірдің құрылысына 40-қа жуық жұмысшы тартылған.

«Дженгиз Иншаат» компаниясының облыстық филиалының директоры Мұрат Зейінәбіловтің айтуынша, Ақтау-Жетібай-Шетпе бағытындағы 170 шақырым жолдың 85 шақырымы 2 деңгейлі, 2 жолақты болса, қалған бөлігі 1 деңгейлі, 4 жолақты болады. Қазір Ақтау мен Жетібайдың арасын жалғаған жол жұмыстарының 70 пайызы, ал Жетібай-Шетпе бағытындағы жолдың 67 пайызы біткен. Көпір құрылысына шебін, цемент, битум сынды жергілікті құрылыс материалдары пайдаланылуда.

Жол салу жұмысына тартылған 950 жұмысшының 350-і маңғыстаулық тұрғындар. Мердігер мекеме өкілдерінің мәлімдеуінше, Ақтау-Жетібай-Шетпе бағытындағы автокөлік жолы келесі жылы ел игілігіне беріледі.

Тамыз айында Жетібай ауылындағы жаңа шағынаудандарға жол салу, асфальт төсеу жұмыстары басталған-ды. Жергілікті бюджеттен бөлінген 200 млн қаржыға 3 шақырымнан аса жолға асфальт төсеу жұмыстары қараша айында аяқталмақ.

Суреттерді түсірген
Серік МАЙЕМЕРОВ,
Талант ҚҰСАЙЫН

Ескерту

СЫНАП ҚАТЕРІНЕН САҚТАНЫҢЫЗ!

Ел көлемінде Астана қаласынан кейін Ақтауда құрамында сынабы бар құралдарды жинау және кәдеге жарату жобасы жүзеге аса бастаған-ды. Өткен жылдың қараша айында қолданысқа енген жоба жергілікті бюджет есебінен іске асырылуда.

Құрамында сынабы бар құралдарды пайдалану және техникалық қауіпсіздікті сақтау, қалдыққа арналған жәшіктерді қолдану тәртібі бойынша тұрғындарға үгіт-насихат жұмыстарын «Эл-Монт құрылыс» ЖШС жүргізуде.

«Эл-Монт құрылыс» ЖШС маманы Динара Айтжанова «Қуат үнемдеуші шамдардың денсаулыққа, қоршаған ортаға тигізетін зиянын көпшілік біле бермейді. Улы зат болғандықтан, істен шыққан жарамсыз шамды арнайы коқыс жәшігіне тастау қажет. Күнделікті тұрмыста қолданылатын шамға қарағанда, люминесцентті қуат үнемдейтін шамның айырмашылығы бар. Атап айтсақ, ол ток көзін үнемдейді және пайдалану уақыты ұзағырақ. Энергия үнемдейтін шамдардағы шынының іші сынап буымен толтырылған, егер ол сынса немесе жарамсыз болып қалса, коқыс жәшігіне лақтыруға болмайды. Себебі шыны сынғанда сынаптың иіссіз буы



ауаға тарап, қоршаған ортаға және тұрғындар денсаулығына зиянын тигізеді. Ақтау қаласында көп пәтерлі тұрғын үйлердің ауаларына құрамында сынабы бар пайдаланылған құралдарды жинау үшін 27 орынға арнайы жәшік орнатылды. Тұрғындар құрамында сынабы бар пайдаланылған энергия үнемдеуші шамды, термометр мен басқа да құралды сонда тастауы керек. Қазіргі кезде осы жобамен жұмыс істеп жатқан үгіт-насихат тобы тұрғындарға арнайы парақшалар таратып, тұрғындарға түсінік жұмыстарын жүргізуде. Алдағы уақытта кең ауқымда шаралар өткізіп, Ресейден балауыз мүсінді әкелуді жоспарлап отырмыз, — дейді.

Мамандардың айтуынша, энергия үнемдеуші лампамен сақ, ұқыпты жұмыс жасау қажет. Патронға орнатарда немесе одан босатып аларда шамның түбінен ұстау керек. Шам сынып қалғанда терезені ашып, 15 минутқа бөлмеден шығып кеткен жөн. Бөлмені дымқыл шүберекпен жуып тазалау кезінде шамның сынықтары мен қолданылған заттар салынған пакетті өңдеу үшін өткізу қажет. Бұл кезде шансорғыш, щетка, сыпырғыш қолдануға болмайды. Құрамында сынабы бар қалдықты үйдегі кәріз жүйесіне немесе кәдімгі коқысқа арналған жәшікке тастауға тыйым салынады.

Қалада арнайы орнатылған жәшіктердегі құрамында сынабы бар құралдарды жинау және кәдеге жарату «Эко Оперейтинг» ЖШС-іне жүктелген. Аталған серіктестіктің директоры Азамат Нұрлиевтің мәліметінше, жоба басталған алғашқы үш айда 110 мыңға жуық сынабы бар құрал жиналған.

«Эко Оперейтинг» ЖШС директоры Азамат Нұрлиев «Жергілікті халық көшедегі сынабы бар құралдарды тастауға арналған қызыл сары түсті жәшіктерге тұрмыстық қалдықтарды да төгіп жатыр. Құрамында сынабы бар пайдаланылған шамдарды кәдімгі коқыспен бірге лақтыруға мүлдем болмайды. Жұмысшыларымыз арнайы техникамен күнде коқыс жәшіктеріндегі зиянды құралдарды жинап, белгіленген жерге төгіледі. Арнайы құрылғының көмегімен шамдардың құрамындағы сынап пен шыны бір-бірінен ажыратылады. Келісімшартқа сәйкес Ресейдегі және еліміздегі мекемелерге сынап пен шыныны тапсырамыз», — дейді Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Орынбасар Тоғжановтың айтуынша, жоба жыл аяғына дейін жалғасын табады.

Фестиваль

Жылдағы дәстүрден жаңылмай...

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында ұйымдастырылған фестивальдің алғашқы күнінде «Тіл танбалы ақындар» 5 томдық кітабының тұсауы кесіледі.

Бүкілхалықтық шараның ашылуына Тамара Асар, Сүндет Байғожин, Нұрлан Өнербаев сынды өнер жұлдыздары қатысады.

Шараны ұйымдастырушы Самсон Аракелян «Екінші күнінде алтын сақа, атан жілік, арқан тарту, қазақ күресі сынды ұлттық ойындар, 3x3 форматындағы баскетболдан әлем біріншілігі, street workout-тан облыс біріншілігі, брейк-данс бойынша Caspian battle-дан халықаралық турнир, ережесіз жекпе-жекпен біріншілік және ВМХ-дан көрсетілім болады. Сондай-ақ «Amal Talks Motivation» атауымен өтетін мәжіліске спортшылар, әртістер, дизайнерлер қатысады. Арт фестивальда сурет көрмесі және көрермендер үшін шеберлік сыныбы, «Сән мен сахна» халықаралық көрсетілімі өткізіледі. Шараның екінші күні марапаттау рәсімімен, «Формат» тобы және Жанар Дұғалованың өнер көрсетуімен аяқталады, — деді.

Биыл 4 мәрте өткізілетін шараның соңғы күнінде де спорттық шаралар жалғасын табады. Кең ауқымды қамтитын фестиваль еліміздің және ресейлік өнер жұлдыздарының концертін және отпашумен қорытындыланады. Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Аманғали Нұрдәулетовтың айтуынша, 3 күнге созылатын фестивальға 80 мың көрермен қатысады деп жоспарланған.

Бетті дайындаған Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ

Қолдау

Бұл ерекше жоба — жергілікті колонершілерге үлкен жәрдем, демеу. Жаңа ғимарат және шығармашылық алаң арқасында шеберлер өнерін көрсетіп қана қоймай, табысқа кенеледі. «Өнер Land» іші колмен жасалған, көздің жауын алар бұйымға, ойыншыққа, көрпе-төсекке, ыдысқа толы. Оның ішінде, сондай-ақ колонершілердің шығармашылық қабілетін шындауға арналған, шеберлік сабақтар өткізілетін бөлме және демалатын орын бар.

Жоба ашылуына қатысып, ғимарат ішін тамашалаған облыс әкімінің орынбасары Шолпан Илмұханбетова өнерлі жандарға мол мүмкіндік сыйлаған «Престиж» жиһаздар салонына алғысын білдірді:

Ол «Бизнес жол картасы-2020», «Даму өндіріс», «Жұмыспен қамту жол картасы -2020» бағдарламалар аясында көрсетілетін мемлекеттік қолдаумен ерекше жоба іске қосылды. Бұл ғимарат өнерге ғашық, бірақ қолынан шыққан туындыларын халықпен бөлісе алмаған мүмкіндігі шектеулі жандарға, шығармашылық адамдарға арналған. Жоба 150 жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Осындай ілкімді істі жүзеге асырған мекеменің бас директоры Ирина Беляеваға ризашылығын шексіз, — деді.

Алаңы 400 шаршы метр «Өнер Land»-те 255 сөре бар. Кез келген шебер сөрелі не толық қатарды жалға ала алады. Жалға беру бағасы — 1000-нан 3500 тенгеге дейін тұрады. Астана, Алматы, Ақтөбе, Маңғыстаудың қала-аудандарынан жиналған 60 колонерші бұйымдарын халық назарына қойған. Олардың қатарында әлеуметтік осал топтарға кіретін жандар да бар. Бұл адамдарға жәрдем ретінде өнімдерін тегін қоюға мүмкіндік берілген.

Колонер шебері Инна Петросян «Маңғыстау колонершілері әрдайым

Отандық өнімнің орны қашанда ерекше екені белгілі. Шағын және орта кәсіп иелерінің қанатына қуат, шабытына шуақ беретін мемлекеттің берекелі бағдарламасымен, жарқын жобасы жетерлік. Осыған орай, мемлекеттік қолдаумен кәсіпкерлігін кеңейткен «Престиж» жиһаздар салоны саусақтарынан бал тамған шеберлерге шығармашылығына шабыт, ісіне ілгерілік сыйлау мақсатында бейкоммерциялық әлеуметтік жоба — «Қазақстанда жасалған, Маңғыстауда жасалған — «Өнер Land» ғимаратын ашты.



жәрменкелерде

бас қосатын.

Бұл қаржы әрі

уақыт жағынан

қиындық туғызатын.

Бұл

орталық арқылы жалдама,

жарнамаға

аландамай, колонермен

айналысуға уақыт

табылды. Қала тұрғындары да

қайталанбас,

ерекше бұйымдар сатып алуға

мүмкіндікке

қол жеткізді. Біз шеберлермен

бірігіп,

шеберлік сабақтар өткізіп,

акциялар жасап,

тәжірибе бөліскіміз келеді», — деді ол.

Ал ақтаулық колонерші

Шынар Өтепова сүйікті ісімен

айналысуына мүмкіндік берген

жоба ұйымдастырушыларына ризашылығын

білдіруде. «Жас кезімнен қыздарға арналған

әсемдік бұйымдар жасаймын.

Бірақ кәсіпке айналдырып,

тұрақты колонермен айналыса

бастағаным 3 айдай ғана

болды. Халық көңілінен

шығатын сырға, білезік, алқа-

моншақтар ұсынамын. Бұл

жобаға дем беріп, іске асырған

барша жандарға алғысымды

білдеремін», — деді ол.

Өлкенің шеберлеріне қолдау

көрсеткен «Престиж» жиһаздар

салоны «Отбасы мен үйге

арналған орталық. Бақытты

отбасы — сәтті қоғам» деп

аталып, мемлекеттік бағдарлама

арқылы

кәсібін

жандырып, үй ішіне

қажетті жиһаздар сатумен және

құрастырумен айналысып келеді.

Маңғыстау облысында мемлекеттік

қолдаудың құралдары үлкен беделге ие.

Бүгінде Маңғыстауда 48 165 шағын және

орта кәсіпкерліктің субъектілері жұмыс

істейді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда

1,2 пайызға жоғары. Ағылдағы жылдың

бірінші жартыжылдығында шағын

және орта кәсіпкерлікте жұмыспен

қамтылғандардың саны 5,1 пайызға өскен.

Қазірде оның саны — 103 969 адам.

Сондай-ақ «Жол картасы — 2020»

кәсіпкерлікті дамыту және қолдау

бағдарламасы шеңберінде Өңірлік

үйлестіруші кеңеспен 3 845,4 млн теңге

құрайтын 105 жоба қабылданған. Өткен

жылы 53 жоба ғана қабылданған еді. Оның

79 пайызы — Жаңаөзен қаласы және

аудандық кәсіпкерлердің жобалары.

Ханым ҚҰАТ,

Суреттерді

түсірген автор



Құрылысы аяқталмаған, есік-терезесінен жел үрлеген суық үйде көмелетке толмаған балаларға қарайласатын ешкім болмапты. Балалардың үлкені 17 жастағы Сапаргүл қаладағы колледждің бірінде оқиды. Әкесі ауруханаға түскелі сабақтан сұранып, бауырларына қарауға мәжбүр.

Абырой болғанда, отбасының ауыр жағдайы ғаламтор бетінде сөз болып, еріктілер тобы ешкімді күтпей, өз бетімен киім-кешек жинап, азық-түлік жеткізіп берді. Қолы ашық азаматтар газ тартып береміз деп қалды. Тағы бірі құрылыс жағына көмектесетінін жеткізді.

«Бізге көмек керек, тонамыз, күн салқындады, газ керек», — дейді 6 жастағы Диана.

Жағдайы жоқ отбасыға қала әкімі жанындағы көмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссияның хатшысы келіп кетті.

Ал әкесі балаларынан бас тартқан жоқ. Көршілері айтқандай, анасының көп уақыттан бері балаларға қарайласпағаны рас болса, оларды бағып-қағып отырған осы әкесі емес пе?!

Өткенде ғана қала басшысынан сөз естіп шыққан 14 баланың анасы жайында Ақтөбе жақтан шу шығып еді. Абырой болғанда, көпшіліктің араласуымен, жергілікті билік көпбалалы Әлия Новиковаға үй кезегі келгенше, уақытша 3 бөлмелі пәтер тауып берді.

Ауруханада қызмет ететін бір қызының атына қызмет баспанасы деп рәсімдегенге ұқсайды. Әйтеуір, балалы үй бұрынғыдай жалдамалы баспанада емес, кең үйде тұрып жатыр.

Бұл жаналыққа қуанып та үлгермей, ақтөбеліктер келесі мәселеге тап болды. Қалалық мешітке таяу мандағы саябақта алты баланың суық үйде дірдектеп жатқаны белгілі болды. Көршілерінің айтуына қарағанда, бұлардың анасы бірнеше жылдан бері көрінбейді. Балалары оның оңтүстік облыстардың бірінде жұмыс істеп жүргенін айтып, шешесіне шаң жуытқысы жоқ.

Ал алты балаға бас-көз болып жүрген отағасы Бакытбек Шыныбеков инсульт алып, ауруханаға түсіп қалған екен. Оған дейін балалардың әкесі жолаушы тасып, күнделікті нәпакасын айырып отырған. Денсаулығы сыр



берген ол енді төсек тартып жатыр. Тілі күрмелген. Алайда дәрігерлер оның жағдайының қалыпты екенін айтып, сендіріп отыр.

P.S:

Апа-анасыз тұрып жатқан балалардың жағдайына бей-жәй қарай алмайтын адамдар белсенді түрде көмек беріп жатыр. Бір әйел оларды өз қолына алып тамағын беріп, жуындырып, содан кейін жиналған қаражатқа өздері оқитын мектептің жанынан бір айға пәтер жалап берді.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ботагөз БЕЙСЕНОВА,
Ақтөбе қалалық әкімдігі
көмелетке жасы толмаған
балалардың ісі жөніндегі комиссияның
хатшысы:

— Біз қазіргі кезде балаларды әкесінен айырмаймыз. Егер балаларды алып кететін болсақ, оларды жас аралығына байланысты бөлу керек болады. Көмелет жасына толмаған балаларды бейімделу орталығында төрт жастан 18 жасқа дейін қабылдайды. Ал төрт жасқа толмаған баланы Балалар үйіне жібереді. Әр түрлі мекемелерге жіберу керек болады. Бұл балалардың мүддесіне қайшы. Әкелері ішпейді, оның дәлелді себептері бар. Ол ауруханаға түсіп қалған. Сондықтан біз балаларды тартып ала алмаймыз.

Қылбұрау

Интернет арқылы есірткі сатқан

Ғаламтор арқылы есірткі саудалаған қылмыстық топ әшкереленді. Бұл туралы Астанада өткен баспасөз мәслихатында Ішкі істер министрлігі Есірткі бизнесіне қарсы күрес департаментінің басшысы Сұлтан Құсетов мәлім етті.

Оның айтуынша, ұзақ жүргізілген жедел шараның нәтижесінде 20-25 жас аралығындағы 8 адамнан құралған қылмыстық топ ұсталған. Олардың төртеуі — Швейцария, Ресей және Қазақстанның белгілі жоғары оқу орындарының студенті. Олар «Qiwі-Koшелек» электрондық жүйесінің көмегімен тұтынушыларынан ақша алып отырған. Ақша түскеннен кейін, ұялы телефон арқылы есірткіні қай жерден алу керектігі туралы хабар береді. «ҚазАқпарат» хабарлағандай, жедел-іздестіру шараларын жүргізу барысында жалдамалы пәтерде заңсыз зертхананы және үй жағдайында қарасораны қолдан өсіруге арналған жылыжай лампалары, желдеткіштер мен электронды құрылғыларды анықтады. 20 келіден астам есірткі, оның ішінде 18 келі гашиш, сондай-ақ екі келі марихуана тәркіленді. Департамент басшысы «18 келі гашиш 3600-ға жуық дозаны құрайды. Оның құны 21 млн теңгеге бағаланады», — деді. Қазіргі уақытта аталған топтың есірткі өткізді деген 10 фактіге қатысы бар екені дәлелденді. Ұсталғандар қамауға алынды.




Бір анық

Евгений Яворский бір басылымға берген сұхбатында әлеуметтік желіде таралған құжаттың расында да, Төлешовтің өзі жазғанын мәлімдеді. Зангер «Құжат құпияланған. Оны көре алмаймын. Бірақ бұл хаттамаларды Төлешовтің өзі толтырғанын айта аламын», — деді.

Тоқтар Төлешовтің адвокаты өткен аптада Facebook желісінде кәсіпкердің кінәсін мойындағаны жазылған құжаттың шынайы екенін растады.

Төлешов мойындапты



Сонымен қатар Яворский Төлешовтен ешқандай да қысым болмағанын айтты. «Ол тергеушілерге түсініктемелерді ешбір қиындықсыз берді. Маған еш шағымданған жоқ. Қандай да бір қысым көрсетілген жоқ. Интернетте пайда болған құжаттардан-ақ, оны кінәсін мойындағанын дәлелдейді», — деп қорытындылады сөзін адвокат.

Айта кетейік, 7 қыркүйекте Facebook желісінде Тоқтар Төлешовтің кінәсін мойындаған хаттамалар мен құжаттар жарияланған болатын.

МАЗАСЫЗ МҮЙІС



7

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

«ТЕРРОРИСТЕР өтіп кетуі мүмкін»



Берік БЕЙСЕНҚҰЛОВ,
Ішкі істер вице-министрі:

«Заң жобасында төтенше жағдайларға болжам жасау, мониторинг жүргізу, осы салада мамандарды даярлау, бірлескен оқу-жаттығуларды өткізу және тағы басқа шаралар қарастырылған. Сондай-ақ ауған құтқарушылары көмекке келген жағдайда оларға визасыз режим ұсыну көзделіп отыр»

«Енді... төтенше жағдайлар бойынша ақпарат алмасу жағынан екі жаққа да қажет. Әрине, ондай келісім ауған жағына көбірек қажет болып тұр»

«Әрине, біз ол тізімнің бәрін тексеріп шығамыз. Сосын «еркін топтардың» тиісті шараны атқару мерзімі нақты жазылаы. Бұны шекара қызмет де, көші-қон қызметі де қатаң бақылауда ұстайтын болады. «Еркін топтардың» өкілдері көшеде емін-еркін жүреді деп ойламаңыз. Олар нақты бір жерге келеді де, жұмыстарын атқарып кетеді. Меніңше, бұл жерде ешқандай қауіп жоқ»

«Біз өз тарапымыздан кепілдік берейік. Алайда шекара, көші-қон сияқты қызметтердің де жауапкершілігін ұмытпайық»

А
П
Т
А
Н
Ы
Ң

АЙТЫСЫ



Бірганым ӘЙТІМОВА,
Сенат депутаты:

«Сонда одан бізге келер пайда қандай?»

«Ол жерде өзара көмек беруге арналған «еркін топтар» туралы айтылған. Бұл қандай топтар өзі? Құтқарушылар ма? Басқа біреулер ме? Мен өзім аталған бапты жамылып, террористік топтар өтіп кете ме деп қорқамын. Осыны ашып жазу қажет сияқты. Ал, ең бастысы, келісімнің 11-бабында көмек сұраған мемлекеттің шекарасын кесіп өту және сол елде болу шарттары жазылған. Қараңыз, төтенше жағдайдардың алдын алу шаралары аяқталғанша біз оларға визасыз режимді, тіпті тұрғылықты жерін көрсетпегуге рұқсат беріп отырмыз. Алайда Ауғанстанда террористік қауіптің бар екенін бәріміз жақсы білеміз. Енді, осы келісімде ел қауіпсіздігі ескерілген бе? Құтқарушылар тобы деп, елімізге террористік топтар өтіп кетпей ме?»

«Қандай да бір террористік топтар келісімнің кейбір баптарын пайдаланып, Қазақстан жеріне өтіп кетсе, вице-министр Б.Бейсенқұловтың өз басыммен жауап береді» дегенді хаттамаға енгізуді ұсынамын»

(Сенат отырысындағы пікірталас)



Құрық

Лаңкестер Ислам мемлекетінің ақпаратын негізге алып отырған. Бұл туралы «ҚазАқпарат» агенттігінің ресми сауалына берген жауабында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің баспасөз қызметі хабарлады.

21 лаңкес ұсталды

«Батыс Қазақстан облысында ұсталған радикалдар өздерінің қылмыстық пиғылында интернеттегі ДАИШ (Қазақстанда тыйым салынған) халықаралық террористік ұйымының ақпараттарын негізге алып отырған. Лаңкестік қызметті атқару үшін шетелден қаржы жіберілгендігі және өзге де көздерден қаражат болғаны туралы ақпарат анықталған жоқ», — делінген комитеттің берген жауабында.

Сонымен қатар хабарланғанындай, оларда діни және рухани көшбасшы болмаған. «Ұлттық қауіпсіздік органдары тамыз айында БҚО-да ұсталған радикалдар халықаралық лаңкестік ұйымдармен байланысы туралы ақпаратқа иелік етпейді. Лаңкестік үшін қажетті қаруды олар оқ-дәрі сақтау орындарына шабуыл жасау арқылы алуды жоспарлаған», — деп атап өтті ведомство.



Айта кетейік, бұның алдында, Ұлттық қауіпсіздік комитеті 12-30 тамыз аралығында Ақтөбе және Батыс Қазақстан облысы аумағында үш радикалды топтың іс-әрекетіне тосқауыл қойғанын хабарлады. Батыс Қазақстан облысының 10 тұрғыны және Ақтөбе облысының 11 тұрғыны қамауға алынды.



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БІЛІМ

**«Біреулердің өнегелі бір ісін,
Көре-тұра көрмегендер құрысын.
Нең кетеді жақсы – десең жақсысын,
Нең кетеді дұрыс десең дұрысын»**

(Қадыр Мырза Әлі)

Өнеге

Өмірде әрбір адамға баға бергенде өмірлік өнеге істері бірінші кезекте тұратыны белгілі. Қара кылды қак жарып, әділдікті айта білген бабаларымыздың пікірі бойынша – «биікті – биік , жүйрікті – жүйрік» – деп, айту асқак адамгершілік қасиетті білдіреді...

«Топырағына қарап дән өседі, тегіне қарап жан өседі», – деп халық бекер айтпаған.

Өмірдің әр салаларынан биік тұғырға шықты деген ағаларымыздың кейбіреулерінен, өкінішке қарай, сол тектіліктің жұрнағын да таппайсың. Әсіресе біздің медицина саласында. Соны көріп, кейде ішін ашиды. Бірін-бірі күндеп, бірінін жетістігін екіншісі көре алмай, сыртынан жамандап, өзінің «мықтылығын» әспеттеп, кемшілігін айтқанмен жауласып, сөзі мен ісі сөйкес келмей жүргендері... Баяғы Абай атамыз айтып кеткен кемшіліктерді, өкінішке қарай, көбісінің бойларынан табасын.

Әсіресе, тәуелсіздікке қолымыз жетіп ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған уақытта: «Атадан қалған аманатқа адалдық танытып отырмыз ба? Жауаптылық пен аманатты өз деңгейінде ұғынуға қабілетіміз жете ме?» – деген сауалдар алдымыздан шығуда. Өйткені, күнделікті өмірде жемқорлық, паракорлық секілді надандық істердің етек алуынан есті адамның өзі үшін емес, болашақ ұрпағы үшін шошынатындығы да белгілі. Әрине, ұлтжанды азаматтар ұлттың қамы үшін қайғырады. Ал ессіздік пен топастық ұлт тағдырын ойыншыққа айналдырады. Шәкәрім ғұлама айтқандай: *«Қазақтың көзсіз баласын, қаңғытып қайда барасаң? Ардың сатып арамға, адалдап қалай аласың?»*. Осы сұрақтар қолында билігі мен байлығы бар, өз қандастарына жаны ашымайтын, қазіргі өзіміздің кейбір шенеуніктерге *(оларды азаматтар деуге де аузың бармайды)* арналып айтылғандай. Оны еститін құлақ, түйсінетін түйсік болса...

Ал мен білетін Рысбай Сәтімбеков нағыз қазақтың зиялы азаматы, ел ағасы. Өзінің қарапайым мінезімен, кеуде кермей, үлкенмен үлкенше, кішімен кіші ретінде, сөйлесіп, кішіпейілдігімен, ұлтжандылығымен ерекшеленеді. Қысқаша айтқанда, өзінің жүріс-тұрысынан-ақ тектілігі көзге ұрып көрініп



тұрады. Ұлағатты ұстаз, тәлімгер тәрбиеші, көркемсөз шебері, табиғатты аялаушы – эколог, ботаника мен биология саласының білгір ғалымы, профессор – сегіз қырлы сүйкімді азамат. Ол кісінің өмір жолы келешек ұрпақ үшін үлгі-өнеге.

Адам баласы өз өмірінің бір белесіне келгенде жүрек қалауымен мамандық тандап, сол мамандығы бойынша еңбек жолын бастайтыны белгілі. «Кәсіпсіз адам – нәсіпсіз» – деген ежелден жеткен есті сөздің мағынасы тереңде жатыр.

Өмірбаянына үңілсек, Сәтімбеков Рысбай 1940 жылы мамыр айының 28 жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Жұма елді мекенінде дүниеге келген. 1958 жылы Ташкенттегі республикалық педучилищені үздік бітіріп, Оңтүстік Қазақстан облысы Келес ауданындағы Жамбыл ауылында бастауыш мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. 1959-1964 жылдары Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының география-биология мамандығын үздік бітірген. 1965-1968 жылдарда сол институттың аспирантурасында оқыды. 1968 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде ұстаздық қызмет атқарып келеді. Содан бері де, міне, 47 жылдай осы оқу орнында тапжылмай ұстаз болып, жемісті еңбек етіп келеді.

Оның тағдыр талайына үңілсең, ұлттық мақсат-мұраттарға, елдік арман мүддеге қалтқысыз қызмет етудін ерекше үлгісін көргендей боласың. Рысбай ұстаздық қызметте де халқы үшін жан аямай тер төккен нағыз ұлтжанды азамат. Оған дәлел ұстаздық қызмет атқарып жүрген жылдары республикалық деңгейдегі қоғамдық және мәдени іс-шараларға белсене қатысып, жастарға патриоттық, эстетикалық және адамгершілік тәрбие беруле ел сүйсінерлік сүбелі үлесін қосып жүрген азамат. Мысалы, 1988-1992 жылдар

аралығында республикалық деңгейдегі «Наурыз» мейрамының сценарийін жазып әрі оның жүргізушісі болғаны дәлел. Оның «Наурызға ақ тілек» өлеңіне жазылған Шекер Сейілованың әні



саны артқан сайын халықтың тектілене түсетіндігі анық. Жер шарының дамуы әрбір ұлттың дамуына, ал ұлттың дамуы тұлғалықтың дамуына тікелей байланысты. Айтайын дегенім,

кейінгі жылдары ұрпақ тәрбиесінде өңкей бір батыстың стандарттарына бой ұрып, жастарға ұлттық тәрбие беру кемшін қалып бара жатқан сияқты. Бұл жас дәрігерлермен, әсіресе студент жастармен жұмыс істегенде көзге ұрып тұрады. Сол

себепті оларда біздің бойымыздағыдай ұлттық рух, отансүйгіштік қасиеттер жоғалып бара жатқан секілді...

Данышпан Сенека: «Баланды алдымен мейірімді болуға үйрет, ал сонан кейін ғана даналыққа тәрбиелеуді қолға алғаның жөн. Өйткені алғашқысыз соңғысын үйрету мүмкін емес», – дейді. Сол айтқандай-ақ, қазір ХХІ ғасырдың нарықтық экономикасының салдарынан, жастар түгілі, ересек адамдарда да мейірімділік жоғалып бара жатқан сияқты...

Қазіргі қоғам ұстаздар қауымынан биік парасаттылықты, әлемдік бәсекеге қабілетті, мықты біліммен сусындаған ұрпақ тәрбиелеуді талап етеді. Әсіресе жоғары оқу орындарында студенттерге тәлім-тәрбие, білім беретін ұстаздарға көп ізденіп, өздерінің жан-жақты білімі болулары қажет. Сонымен қатар ұстаз – өз ұлтының басты сапалық пайым иесі екенін де естен шығармауы тиіс. Жастардың саналы да парасатты болып өсуінің бір кілті соған жол ашар ұстазда деп білеміз. Ұстаздың ең басты қасиеті – өз жанын аямайтын, ал өзгенің жанын аялайтын азамат болуы керек. Мен білетін Рысбай ағада осы қасиеттердің барлығы бар.

Көрсеткіш

Әл
Фараби
атындағы Қазақ
ұлттық университеті
халықаралық рейтингте
кезекті сатыға көтеріліп,
Орталық Азия аймағы мен
Қазақстан жоғары оқу
орындары арасында
алғашқы болып әлемнің
250 үздік университеті
қатарына енді.

World University Rankings QS (Ұлыбритания) беделді рейтингтік агенттігінің зерттеу қорытындылары бойынша, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 236-орыннан көрініп, әлемнің 250 үздік университеті қатарына енді. Айта кетерлігі, бұл топқа ТМД елдерінен екі ЖОО – Ломоносов атындағы ММУ мен әл Фараби атындағы ҚазҰУ ғана кірді. Осылайша, жетекші қазақстандық университет Орталық Азия мен ТМД-дағы теңдессіз көшбасшылығын тағы да дәлелдеді.

Халықаралық рейтингте университеттің табысты алға жылжуына заманауи талаптарға сай жүргізілген кешенді құрылымдық жаңарту ықпал етті. Нәтижеге бағытталған проекстік менеджмент, басқару жүйесі және еңбекті рейтингтік бағалау енгізілді. Сондай-ақ жоғары әлемдік талаптарға сай әрі халықаралық аккредитациядан өткен эксперименттік білім беру бағдарламалары

*«Бұлақтың көзін ашса бір кісі кеп,
Басынан су ішеді мың кісі кеп»* – деген халық даналығы ұстаздар еңбегінің ұлылығын нақтылай түседі.

Р.Сәтімбековтің «Асыл сөзді ағайынға арнадым» (1999), «Халқым менің – қазынам» (2000) жыр жинақтары, 2010 жылы Батыр ана әрі ғалым-ұстаз Мәрзия Тұрлыханованың өткен өмір жолы туралы «Шаңырақ шапағаты» және өзін бастауыш сыныпта оқытқан ұстазы Салыбек Бегманов ағаның 90 жасқа толуына орай, «Ұстаз ұлағаты» туралы ғұмырнамалық ой толғауларын кітап етіп жариялады.

Халқымыз «қыз жүрген жерде Қыдыр жүреді» – деген даналық сөзді бекер айтпаған ғой. Осы оқу ордасында өткізген 47 жылдық ұстаздық өмірінде Рысбай аға мыңдаған студент шәкірттерінің көкірек көзін ашып, санасын саралады, ақыл-ойын ізгілікке жетеледі.

Әбу Насыр Әл Фараби бабамыздың «Ұстаз өз тарапынан қашанда барынша ынтылылық пен табандылық көрсетуі керек. Өйткені, бұлар – құлды жұрт айтатын, тамшымен тас тесетін су сияқты» – деген сөзі еріксіз еске түседі. Рысбай ағаға қарап таң қаламын, жоғарыдағы ғұлама бабамыздың ұстаз туралы айтқан қасиеттердің бәрі оның бойында бар. Табандылық пен ынтылылық , адал еңбек, ақ жүрек және арлы ақыл дейсің бе барлығы бар. Қазақша шығатын республикалық белгілі газет-журналдарда бірінен кейін бірі әртүрлі тақырыптағы танымды-тәрбиелік мәні бар мақалалары шығып жатыр. Қысқасы, бір жылда (2014 жылы) профессор Рысбай Сәтімбековтің әртүрлі басылымдарда 42 мақаласы басылып шығыпты. Қалай үлгеретініне таң қаласын. Қосымша институтта сабағы бар және қоғамдық жұмысын қосыңыз...

«Ер жігіттің аты жақсы болса – бір бақыт, жары жақсы болса – мың бақыт» – дейді дана халқымыз. Рысбай ағаның емін-еркін



құлшына жұмыс істеуіне барлық мүмкіндікті жасап, дүниеге екі қыз бір ұл әкеліп, тәрбиелеп-өсіріп, сонымен қатар өзі де педагогика саласында методикалық кітаптар жазып, ғылыми жұмыстарында ойдағыдай атқарып, кандидаттық диссертациясын қорғап, қазір зейнеткерлікке шығып, немере-шөберені бағып, тәрбиелеп отырған алтын жемгеміз Мәлипа Сансызбайқызының еңбегі де ұшан-теңіз.

«Текті туған жігіттің жары өзіне ылайық, керуен бастар жігіттің нары өзіне ылайық» – деген нақыл жігіттің құдай қосқан адал жарының тек жақсылыққа жетелейтінін аңартып тұрғандай.

Адам тәрбиелеу – ұлы міндет. Осы міндетті адал атқарып жүрген, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен көдесіне жаратып жүрген ұлағатты ұстаз Рысбай Сәтімбекұлын келе жатқан 75 жылдық мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық тілеймін. Осындай ел мақтанышы әрі үлгілі де өнегелі ұстаздың еңбегі жана берсін дегім келеді.

Әбдісабыр ӨМЕШҰЛЫ,
*жоғарғы санатты балалар
хирургі, профессор*

Сенімді көшбасшылық



дайындалды және енгізілді, ғылыми-зерттеу жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Шетелдік рейтингтік ғылыми журналдарда жарияланған қазақстандық әрбір үшінші мақала ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі. Мемлекеттік-жеке серіктестік қағидалары негізінде бірегей нысандар салынып, университет кампусының инфрақұрылымдық құрылыстарының екінші кезені аяқталды.

QS сарапшыларының ұсынысы бойынша ҚазҰУ тәжірибесі әлемдегі үздік университеттерде зерттелуде. Бұл көрсеткіш әлемдік білім мен ғылым нарығында бәсекелестікке қабілеттіліктің айқын дәлелі болып табылады.

«Әшірбек атақты театр сыншысы болумен қатар, ұлттық өнеріміздің үлкен жанаңшыры еді. Оны мыңдаған шақырымдық шалғайға (қазақша айтқанда, жердің түбіне), мұхиттың арғы жағына жетелеген де сол өнерге деген жанаңшырлық деп білемін»

Сәбит ОРАЗБАЙ, Қазақстан Халық әртісі

РУХАНИЯТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



9

Ретроспективалық сұхбат

— Аға, өнер дегенде ойыңызға не оралады? Бүгінгі театрдың басты түйткілі не?

— Штамп деген — қазір қазақ сахнасының негізгі дерті. Ол не деген сөз? Бірізділік, сол баяғы бір ұқсастық. Анау рөлінде де, мынау рөлінде де қолы ербең-ербең, сол баяғы дауыс, сол баяғы үн, сол қимыл, сол күлкі. Еш өзгеріс жоқ. Актерлердің көбісі тіпті күле де алмайды. Демі қойылмаған. Әсіресе, жастар жағы күлуге өте шорқақ. Жылауды сұңкылдап барлығы шегіне жеткізіп орындайды, ал күлуге келгенде тым әлсіз. Әртиске жылаумен қатар күлу де, қуану да, күнірену де керек. Осы жағы жетпей жатады. Сахнада тұшынып тамашалайтын кесек бейне жоқ. Тағы да айтамын, штамп — дерт. Штампка ұрынбаған әртіс саусақпен санарлық. Онын себебі не? Себебі — ізденбеушілік. Бұл — актердің өзін-өзі қамшыламауының, өзіне-өзі сын көзбен қарай алмауының салдары.

— Кесек бейне деген сөзіңізден туып отыр, аға. Кейде сахнадан шінкілдеген Қобыланды батыр мен талдырмаш Балұан Шолақты, болмаса күйгелек Абайды көргеннен кейін «Қазақтың мінезі осы денгейге дейін ұсақталып кеткен бе?» деген ойдың да көрермен ретінде мазалайтыны жасырын емес...

— Біз жалпы ұсақталып бара жатырмыз ғой... Неге баяғы Нұрмұхан Жантөрин, Ыдырыс Ноғайбаев, Әнуар Молдабековтерді айта береміз? Күркіреп шығушы еді ғой. Молдабековті, Ноғайбаевты көріп: «Міне, Қобыланды!», «Міне, Қолдар, Бекежан!» дейтінбіз. Сахнада, экранда кілен шінкілдек, ұсақ актерлер көбейді, екі ығына екі кісі мінгендей фактура жоқ. Кескін келбеті келіскен кермиықтарға зәруміз. Майда тартып барамыз. Шінкілдеп, елпіндеп кеттік. Сахнада тым жеңілміз. Күркіреген дауыс, маңғаз жүріс, ойлы көзқарас, минуттап демінінді ішке тартқызып қоятын психологиялық паузалар жетіспейді. Қажымұқанды орта бойлы, сидиған жігіттер ойнайтын болып жүр. Қамарды көріп қарнын ашады. Не дауыс жоқ, не рух жоқ. Дене тұрпаты ғана емес, қимылы, рухы кішкентай. Қарағөз болып толқытып, Қамар болып жылата алмайды, қыз Жібек болып егілтіп, Еңлік болып елжірете алмайды мені. Міне, барлық трагедия осында жатыр. Бәрі қатқыл, так-түк. Ішкі ұстанымдар, қойылым соңына дейін қызықтырып жетелеп

...Кей адамдар болады, өмірден өткенін білсең де, көңілің, жүрегің сене алмайтын... Абайдың «Өлді деуге сия ма?!» дейтін әйгілі сөзі де осындай жақсыларға деген қымастық сезінінен туған болар... Біздің бүгінгі кейіпкеріміз де өзінің сондай биік парасат-адамгершілігімен, толағай білім-зердесімен, өмірден өткеніне 2 жылға жуық уақыт өтсе де, көп көңілінен өшпей, жүрегіңде жатталып келеді.

Біз оны үнемі іздейміз: тұлғалық биіктікті аңсағанда... адамдық асқарға ұмтылғанда... қазақты қаймағы бұзылмаған схлу сөзге шөліркегенде... өнердің ағы мен қарасын, артығы мен кемін бағамдай алмай, мына жалғаннан қара қылды қақ жсарар әділет таптағанда... Иә, біз оны іздейміз, болашақта да іздей береміз... Себебі, ол — өнердің үлкен жүректі жанаңшыры еді... Ол — ӘШІРБЕК СЫҒАЙ!

Әдетте, күз мезгілі өнер мен руханият әлемі үшін сан түрлі жаңалыққа толы келеді. Солардың ішіндегі ең елеулісі — республикалық, халықаралық деңгейдегі театр фестивалдері. Өнер иелеріне қандай биікке ұмтылу мен қандай кемшіліктен арылу қажеттігіне сәл де болсын бағыт берер, көп оқырманның сартап болған сағынышына дәру болар, ойлантар деген ниетте сын сардарының тасқа басылған жауһар ойларына бойлап, асылын сүзіп алуға тырысып көрген едік. Сыншының кітап пен газет бетінде қалған ордалы ойлары, келелі пікірлері арқылы рухани сырласуымыз төмендегіше өрбіді.

Әшірбек СЫҒАЙ:

Қамарды көріп, қарның ашады

Көңіл күнделігінен...

* Маман болмасаң, шейлі, ең бірінші Адам бол! Менің шұғамы — алдыма келген шәкіртті адам етіп шығару.

* Біз ғана команда бар, ол — қазақ, қазақстан командасы.

* Қазақтың жері кең, қойнауы қазынаға бай. Бірақ сол ұлан-ғайыр даламыз бар. Санымыз аз. Осы олқылықтың орнын қалайда толтыру керек, қазаққа шұғыл түрде көбею қажет.

* Халықтың санын көбейтуіміз тиіс. Егер халықтың саны 20 миллионға жетсе, онда қазақ халқының тілі мәселесі мұндай өткір күйінде бірінші кезекте тұрмас еді.

* Классикаға дұрыстан шойын дұра алмай жүргендердің қадірі қашып шыққан. А л классиканың қадірі ешуақытта қашпайды. Өйткені, ол — классика. Классика деген — мәңгілік тағдыр тапқан, мәңгілік тарих тапқан рухани дүние.

* Қалың көпке бірдей жағу қиын нәрсе. Ол — өте сирек болатын процесс. Барлығына бірдей ұнау деген болмайды. Өйткені әркімнің өзіндік «шені», өзіндік талғамы, қисыны, қабілдау жүйесі, қорыту деңгейі, мүшкіндігі болады.

* Сахнада, экранда кілен, шінкілдек, ұсақ, актерлер көбейді, екі ығына екі кісі мінгендей фактура жоқ. Кескін келбеті келіскен кермиықтарға зәруміз. Майда тартып барамыз. Шінкілден, елпіндеп кеттік.

* Штамп деген — қазір қазақ сахнасының негізгі дерті. Ол не деген сөз? Бірізділік, сол баяғы бір ұқсастық. Анау рөлінде де, мынау рөлінде де қолы ербең-ербең, сол баяғы дауыс, сол баяғы үн, сол қимыл, сол күлкі. Еш өзгеріс жоқ.

* «Отеллоны» Мұхтар Әуезов керешет аударған. А л енді соны қазақ тілінің табиғатынан, құнарынан беймағлұм режиссердің ыңғайына қарап, қайшы ала жүгіру, күзен салу, түзен салу — мен менің жақсылықтың нышаны деп ойламаймын.

отыратын ішкі иірім тереңдігі жоқ. Лак еткізеді де, әрі қарай ойнайтын ештенесі қалмай қалады. Сөздің мағыналық астарын түсінбейтін актрисалар да басты кейіпкерлерді ойнай береді. Ішін ашиды...

— Ал енді, аға, театрдың мәдениетіне келейікші. Көрерменнің театрды түсіну, түйсіну мәдениетіне көңіліңіз тола ма?

— Конфеттің қағазын шытырлатып, ұялы телефонмен сөйлесіп, қаңғырлап, күңгірлеп, залда отырып алып: «Қамырын сала беріндер!» деп айқайлайды кейбір апалар. Бір жерге қонаққа барайын деп отырғаны көрініп тұр. «Мен кіріп кеттім, сен қайдасың?» деп театрды

«Қазақтың, өнердің жүрегі тоқтамасын! Өнерін өлтіріп алған қазақ ел болып оңбайды, елінен айнып қалған жүрек — жүрек боп соғып жарытпайды. Екеуі бөлінбес бір бүтін, тұтас дүние деп есептеймін. Ендеше, жүрегіміз тоқтамасын!»

балмұздақ жеп, кәмпит сорып қайтқанына өздерінше мәз.

— Ал, жалпы, қазақ дегенде ойыңызға не оралады?

— Қазақтың жері кең, қойнауы қазынаға бай. Бірақ сол ұлан-ғайыр даламыз бос жатыр. Игерілмей, иеленбей жатқан бос кеңістік көп. Санымыз аз. Осы олқылықтың орнын қалайда толтыру керек, қазаққа шұғыл түрде көбею қажет. Бабаларымыз: «Көпті жау алмайды» дейді. Сол рас сөз. Оның үстіне, екі жағымызда екі алып мемлекет көз тігіп, қалт басар қаламымызды аңдып отыр. Шалыс бассаң, қылғыта салудан тайынбайды. Әрине, қазіргі жағдайымыз жақсы. Тәуба! Бірақ мен келешектен қорқамын. Ахмет Байтұрсынов бабамыз айтпақшы, ел — бүгіншіл, менікі — ертең үшін. Мәселен, Астананы алып қарайық. Бас қала болғанына қарамастан, бұл жақта да жетпейтін нәрсе көп. Зиялы қауымның көңіл-күйі әлі орнықпаған. Мәдени, рухани жаналықтарға дүр етіп көтеріле қоймайды. Көрермені сирек отырған жартылай залды көріп, қарным ашады. Басқасы-басқа, Астанадан қазақ тіліндегі газет-журнал табу да бір қиямет-қайым. Арнайы кітапханаға барып оқысан оқыдың, оқымасан жоқ. Үйіне жаздырып алғаныңның өзі кемшілігі келеді. Бұл не деген сөз? Астанала кез келген жерде газет-журнал сататын дүңгіршектер тұру керек. Бас қаланың осы сияқты бір кемшілік, олқы тұстары бар екен. Мұнда Алматыдағы атмосфераны орнату үшін әлі көп күресуіміз керек.

— Ал өнер дегенде қандай көңілдесіз?

— Бұл тұрғыдан мен бір-ақ нәрсе айтқым келеді: гримді де, кәстөмді де, жүріс-тұрысты да, режиссураны да, актерлік шеберлікті де өзгертуге болады. Толқын да өзгереді. Өйткені қоғам өзгеріп жатыр, заман өзгеріп жатыр. Өзгермейтін бір-ақ нәрсе бар. Ол — қазақтың жүрегі. Соның қағысына қаяу салып алмасак болғаны. Жеріміз де, еліміз де, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, қалыр-қалыптың барлығы жұдырықтай жүректің ішіне сыйып кетеді. Қазақтың жүрегі тоқтамасын, өнердің жүрегі тоқтамасын деп отырғаны сол. Өнерін өлтіріп алған қазақ ел болып оңбайды, елінен айнып қалған жүрек — жүрек боп соғып жарытпайды. Екеуі бөлінбес

бір бүтін, тұтас дүние деп есептеймін. Ендеше, жүрегіміз тоқтамасын!

P.S:

Өткенде бір сыншы ағамыз: «Осы сыншылар спектакльге тек кемшілік көру үшін келетін сияқты. Мін таппаса, мұнайып қайтады. Өнерге бағыталып айтылар кез-келген пікір биік парасатпен, кіршіксіз махаббатпен айтылуы керек» деп сыр ақтарып, бүгінгі театр сынына қатысты өз пікірін білдірген болатын. Расымен де, көпшілігіміз сынды мін деп түсініп жүрміз. Осындай сәтте тағы да «актер жанын хрусталға балап, аялаған» Әшірбек Сығайды іздейміз, сағынамыз... Ендеше, сыншы есімі «өлді!» деуге де сыймақ емес! Қазақ өнерімен бірге Әшірбек Сығай да егіз өріліп, мәңгілік жасай бермек!

Қаламгер шығармашылығымен сырласқан Назерке ЖҰМАБАЙ

ӘШІРБЕК СЫҒАЙ

Ұлттың бар уайымы басында еді, Мұздатты-ау, жан-жүрегің гасыр лебі? Қазақтың ығайы мен сығайы көп. ...Сығайдың бөлек-ті осы Әшірбегі!

Қуды да, сұмды басып мысыменен, Үшқанда көкке Муза құжыменен, — Осы елдің даңғойы мен дарынсызы Жүретін аяғының ұшыменен...

Абдырап Алаш-Ана тұр ойланып, Қызғыш құс — Соға ма енді бір айналып? Дүеге ұшып кетті, — құшып көкті, Дүезов театрын шығар айналып!

Ұлттың бар уайымы басында еді, Мұздатты-ау, жан-жүрегің гасыр лебі? ...Ығай мен сығайларың көп қой, жұрттың, Сығайдың жоқ қой, бірақ, Әшірбегі?!

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ЕЛ БІРЛІГІ

Орайы келген
әңгіме

Жас қазақ: Мұсылманшалап сәлем бердік, ассалаумағалейкум!
Икрам Хашимжанов: Уағалейкумассалам, байқауымша, сұрақтардың астына алғыңыз келген сияқты...

Жас қазақ: Иә, қым-қуыт тірлік, қолыңыз да тие бермейді, алтын уақытыңызды бөлгеніңіз үшін, сұхбатымыздың аяғында емес, басында айтып, алғысымды білдіріп қояйын. Өзіңіз білесіз, Қазақстан Халқы ассамблеясы туралы аз жазылып жүрген жоқ. Қысқа қайырып айтсаңыз, сіздің пікіріңіз?

Икрам Хашимжанов: *(жымып)* Қысқалықты, нұсқалықты менің де жаным сүйеді. Көпіртіп, көп сөйлей бергенді ұната бермеймін. Сөзден гөрі іске көшкенді жақсы көремін. Қазақстанда бірлікті сақтауда Қазақстан Халқы ассамблеясы маңызды рөл атқарып отыр. Бұл ретте ассамблеяның міндеті ұлтаралық қатынасты үйлесімді ету болса, оның өзі мемлекеттің тұрақтылығын нығайту дегенді білдіреді. Сол үшін Қазақстан Халқы ассамблеясының тиімділігін әлем мойындап, көптеген ел мұндай институттың болғанына қызығушылық білдіріп отыр. Мәселен, біз Оңтүстік Қазақстан облысында ЕҚЫҰ аз ұлттар жөніндегі Жоғарғы комиссармен жұмыс істейтінімізді тағы да еске салғым келеді. Айтайын дегенім, білім мекемесінде екі тілде және одан да көп тілде білім беру жүйесін енгізуге баса назар аударылады. Солай болып та жүр. Мектепте ана тілімен қатар балаларымыз қазақ және орыс тілінде білім алып жүр. Мектепті бітірген балаларымыз үш тілде еркін сөйлей алады.

туралы айтар болсам, елімізде тұратын өзбектердің анағұрлым көп шоғырланған аймағы Оңтүстік Қазақстан облысы екенін екінші бірі біледі. Олар қазақтардан кейін екінші орында, ал республика бойынша үшінші орында тұр. Демек, ел экономикасын нығайтуда өзбектердің аз да болса үлесі бар. Ал бірлестіктің тарихынан сыр шертер болсам, ұлттардың ұйтқысына айналған өлкеде өзбек этномәдени орталығы сонау 1989 жылы құрылған болатын. Тек ресми түрде 1997 жылы тіркелді. Өңірде жалпы саны 143 мектеп бар. Оларда өзбек ұлтының өкілі өз ана тілінде дәріс алып келетінін мақтанышпен айта аламын. Нақтырақ айтсам: 86 мектеп қазақ-өзбек, орыс-өзбек аралас мектептері болса, 57 мектеп таза өзбек тілінде шәкірттерге құшағын жайып отыр. Бұған бүгінгі күні облыс қалалары мен аудандарында өзбек ұлттық-мәдени орталықтың 13 филиалы жұмыс істейтінін қосып қойыңыз. Біз олардың күнделікті қызметін үйлестіріп, әдістемелік және практикалық көмек көрсетіп келеміз. Жыл сайын дәстүрлі өткізіліп келе жатқан «Бәрекелді», «Балаларымыз — бақытымыз», «Достық дастарқаны» «Офарин» атты шараларда орталықтың мүшелері белсенділік көрсетіп келеді. Шынымды айтсам, қазақ елін — жеруйығым деп санаймын.

Икрам Хашимжанов. Бұл есімді оңтүстік өңір азаматтары жақсы біледі десем, артық айтқаным емес. Оны былайғы жұрт тынымсыз еңбегі ғана емес, басылымдарда жиі жарияланып жатқан өзекті мақаласы мен сұхбаты арқылы таниды. Қашан көрсең, қызу істің қызығына түсіп, жиындар мен акциялардың бел ортасында жүретін Икрам Хашимжановты әңгімеге тартудың реті келмей жүр еді. Оңтүстіктегі облыстық өзбек этно-мәдени бірлестігінің төрағасымен сұхбаттасудың сәті енді түскендей...

жылдан «Нұр - Отан» партиясының, 2012 жылдан «Нұр - Отан» партиясы орталық аппаратының саяси кеңесінің, 2006 жылдан Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесімін. Айта берсем, «ауыз шаршайды», осы жерден тоқтайын...

Жас қазақ: Отбасыңыз жайында айтпадыңыз?
Икрам Хашимжанов: Қысқаша қайырсам, отбасылымын, 3 ұл 1 қызды тәрбиеледім. 14 немеренің атасымын.
Жас қазақ: Ағылшын тілін білесіз бе?



БАҚ пен БЕРЕКЕНІҢ КІЛТІ — БЕЙБІТШІЛІКТЕ



Бұның өзі біздің балаларымыздың әлеуметтік және еңбек интеграциясы үшін үлкен мүмкіндік қалыптастырып, бәсекеге қабілеттілігін арттыратыны сөзсіз.

Жас қазақ: Есіңізде шығар, осыдан екі жыл бұрын көктемде өзіңіз басқарып отырған бірлестік аясында форум өтті. Мұндай іс шаралар ұйымдастыруда идеяны қайдан аласыздар?

Икрам Хашимжанов: Елбасымыздың ассамблея създерінде айтқан әрбір сөзі тұнып тұрған идея емес пе? Жыл сайын халыққа жолданатын Жолдауы бізге бағыт-бағдар беретін компас дегім келеді. Мәңгілік ел — ұлтаралық татулықтың кепілі. Сіз еске салып отырған конференция осылай аталады. Мен сол форумда былай деген едім: «Форумға облыстың барлық аудан-қалаларынан делегаттар келді. Форум аясында жастарды бір шаңырақ астында айрандай ұйып отырған Қазақ елінің ұстанымымен таныстыру шарасы да ұйымдастырылды. Біз — қазақстандықтар, еліміздің әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарынан көріну үшін аянып қалмасымыз анық».

Жас қазақ: Казекем, қашанда «өзағам» деп құрметтеп, төрге шығарған халықтың өкілісіз. Оңтүстіктегі сол «өзағамдар» бейбітшілік, татулық пен қоғамдық келісімнің жарқын жолында өмір сүріп, достықтың туын тік ұстап келеді. Еліміздегі өзбек бауырларымыздың тұрмыс-тіршілігі жөнінде тартатып айтып бересіз?

Икрам Хашимжанов: Өзіңізге аян, Қазақстан Халқы ассамблеясы Елбасының 1995 жылы І наурыздағы Жарлығымен ұлтаралық келісімді сақтау және нығайту бағытында елімізде жана қоғамдық институт — Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде құрылды. Еліміздегі түрлі этнос өкілдерінің тату-тәтті өмір сүруіне осы ассамблеяның атқаратын рөлі зор. Тіпті барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен дамуын бір мақсатқа жұмылдырып, өркениеттік және демократиялық ұстанымға, мемлекеттік ұлттық саясатта ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру—Ассамблея көтеретін ауыр жүк десек те болғандай. Ассамблея ұлттардың бірлігін бекіте түседі, татулығын нығайтады. Елдегі тыныштық пен татулықты сақтауда да маңызы зор.

Ал енді этномәдени орталықтың негізгі жұмысына келер болсам, Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайына өзбек халқының ұлттық киімдерінің үлгілерін сыйлап, бір қуанып тасталық. Ұлттық киімдердің ішінде өздеріңізге жақсы таныс такия, өзбек жейдесі яхтанг белляма *(ер кәстөміне арналған орамал-белбеу)*, паранджа және баска да бұйымдар бар. Өзбектердің Қазақстандағы үлес салмағы

Жас қазақ: Өзіңіздің өмір жолыңызды білгіміз келеді.

Икрам Хашимжанов: 1957 жылдың 22 қыркүйек күні Шымкент қаласындағы зиялылар отбасында дүниеге келгенмін. 1974 жылы Шымкент қаласы Бөген ауданына қарасты Хамза атындағы №30 орта мектепті бітірдім. Ал 1974-1975 жылдары Ташкент қаласындағы №2 авиация техникалық училищесін «Ұшақтарды құрастырушы» мамандығы бойынша үздік аттестатпен бітіргенімді сіз енді біліп отырсыз. Шымкент автомобильдік техникумын тауысып, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің «Еңбекке баулу және жалпы техникалық пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша білім алдым.

Шымкент авиаотрядында химиялық аппараттарды жөндеуші «техник-механик» маманы болып та қызмет атқардым.

Кеңес заманында «Казсельхозтехника» өндірістік бірлестігінде, тауармен қамтамасыз етуші жүргізуші-экспедитор, одан кейін «Азаматтық қорғаныс» штабы басшысының орынбасары, «Облагропромкомитет» өндірістік бірлестігіне қарасты Шымкент оқу-курстық комбинатында жүргізуші мамандарды даярлау бойынша мұғалім, Қажымұқан атындағы орталық ойындар алаңында коммерция және спорт істері жөніндегі бас директордың орынбасары қызметтерін абыроймен атқардым.

Жас қазақ: Әкімдік қызметтің де құлағынан ұстаған екенсіз?

Икрам Хашимжанов: Иә, 2003-2004 жылдары Сайрам ауданы Жұлдыз ауылы округінің әкімі, одан кейін облыстық «Жанубий Козогистон» қоғамдық-саяси газеті бас редакторының орынбасары қызметтерінде болдым. 1995

Икрам Хашимжанов: Жоқ. Бірақ қазақ, орыс және өзбек тілін толығымен меңгеріп, әзірбайжан, түрік және ұйғыр тілінде еркін сөйлеймін, неміс тілін аударма бойынша түсініп, сөйлесе аламын.

Жас қазақ: «Алыс жолға шықсаң, қасында қазақтан жолдасын болсын. Өйткені, ол сені жолда тастап кетпейді. Қазақтар сатып та кетпейді» дегенге саятын дана сөзді кімнің айтқанын білетін шығарсыз?

Икрам Хашимжанов: Әрине! Күні кеше ғана марқұм болған Өзбекстан республикасының бұрынғы президенті Ислам Кәрімовтің аузынан шыққан киелі сөз. Шынында, ақиқаты сол. Бейбітшілік, татулық, қоғамдық келісімнің арқасында біздер, өзбектер жайма-шуақ күн кешіп отырмыз. Қойымыз коралас, ойымыз аралас, екі халық достығының тамыры тереңде жатыр. Екі ел президенттері кездескенде Елбасымыз мына бір ғажайып сөздерді айтқаны есімде, санама сіңіп қалыпты: ««Біз бұл байланыстарды тәуелсіздік жылдары сақтап қана қоймай, мемлекеттерімізді жақындастыра түстік. Бұл орайда, көрші ретіндегі біздің риясыз ниетпен кездесе тәжірибеміздің маңызы зор. Мен сізбен достығымыз, қазақ пен өзбек халқының достығын мақтан тұтамын. Мақсат — осы қарым-қатынасты, өзара сенімді нығайтып, келесі ұрпаққа мирас етіп қалдыру. Барша қазақстандықтар атынан өзбек халқына табыс пен бак-береке тілеймін». Бак пен берекенің кілті — татулықта, бейбітшілікте екенін жақсы түсінемін. Егемен мемлекетіміздің іргесінің болаттай берік болуының кепілі — ұлттық мәдениетімізбен бірге қазақ халқының басқа халықтармен достығы, оны одан ары гүлдендіріп, өркендете түсу өз қолымызда екені шаң жуытпас шындық деп білемін. Қазақтар ешкімді бөле жармайды. Кенпейілі, дарқан көңілі, шуағы төгілген мейірімі біздің жүрегімізде. Басқа шет мемлекеттердегі аз ұлттардың пұшайман хал кешіп, мәдениеттен жүрдай болғаны бір баска, тоз-тозы шығып, ана тілінен айырылып, анырап жүргендерін естіп, теледидардан көргенімізде, «Я құдай, осыған да тәуба! Қазақ-өзбек достығы нығайа берсін!» деп шүкіршілік етемін. Қазақта «Отаны бірдің тілегі бір, жүрегі бір» деген керемет сөз бар. Жүзі баска болса да, жүрегі бір, тілі баска болса да, тілегі бір, атасы баска болса да, Отаны бір қаншама ұлттар мен ұлыстарды біріктірген алып кемеде келе жатқандаймыз. Бағытымыз — Достық. Татулық. Қоғамдық келісім. Осындайда:

Айналам бақыт, кең жатыр.

Бірімен — бірі туысқан,

Қол ұстасқан ел жатыр.

Қырғыз, қазақ, өзбектер,

Моңғол, ұйғыр, дүңгендер,

Армян, қазақ, грузин,

Орыс пенен украин,

Терезесі тең жатыр.
Бақыттың әні асқақтап,
Құлаққа даусы кеп жатыр! — деп жар салғым келеді.

Жас қазақ: Сіз қазақ елінің нағыз патриоты екенсіз! Оған көзім жетіп отыр. Мынадай өлең шумақтарын «менмін» деген кейбір қазақтардың өзі біле бермейді. Айтпақшы, тарс есімнен шығып барады екен...

Икрам Хашимжанов: *(елеңден)* Ойпырым-ай...

Жас қазақ: Сіз басқаратын өзбек театры жайында жұмған ауызды ашпаппын ғой? Айтғынызшы, өзбек театры қалай тыныстап жатыр? Ұйқыда ма, әлде, ояу ма?

Икрам Хашимжанов: Әрине, ояу! Біз оянғалы қашан! Егеменді елімізде қазақ, орыс, ұйғыр, корей, неміс театрларының қатарында өзбек театры да жұмыс істеп келеді. Осы театрлардың ішіндегі Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Сайрам ауылында шаңырақ көтерген облыстық өзбек драма театрының ашылуды Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзбек ұлтты өкілдерінің тарихында айтулы оқиға болғанын баса айтқым келеді.

Театрдың ашылу салтанатына Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қатысуы енді ғана тұсауын кескен жас театрдың құтты қадамына тәтті тілек, мол сенім білдіргенінің белгісі деп ұғындық.

Жас қазақ: Театр репертуарында классикалық қойылымдар бар шығар?

Икрам Хашимжанов: Онсыз театр бола ма? Бүгінгі күні театр репертуарында алпысқа жуық спектакль бар.Театр шаңырақ көтерген күннен бастап режиссер Х.Құлабдуллаев бірнеше қойылым қойды. Алайда театрдың көркемдік деңгейін бір режиссердің көтере алмайтыны белгілі. Сондықтан да театрға Өзбекстан және республикамыздағы танымал режиссерлерді спектакль сахналауға шақыру жолға қойылған. Санамалап шықсам, Ташкент қаласынан Авликули Хожакулиев, Махсуд Мансуров, Минавара Абдуллаева, Қахрамон Садуллаев, Алимжан Салимов, Тожи Мухаммад Исроилов, Александр Гамиров, Сайфиддин Мелиев шақырылған болса, Жетісай және Шымкент қалаларынан Ғазиз Аринов пен Асқар Алтынбеков, Аскер Құлановтар келіп, тәжірибелерімен бөлісті. Театр труппасының классикалық шығармаларды сахналандыруы — үлкен жеңіс. Гастрольдік іс сапармен Алматы, Астана, Түркістан, Тараз, Қызылорда, Көкшетау қалалары мен Созақ, Түлкібас, Төле би, Қазығұрт, Аксукеңт аудандарында өнер көрсетіп келеді.

Қазақстан Халқы ассамблеясының қолдауымен 2011 жылдың 24-26 сәуір аралығында Астана қаласында Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған Ұлттық театрлардың республикалық фестиваліне театр ұжымы И.Зайырдың «Қарыз» спектаклімен қатысып, «Ең үздік спектакль» дипломымен және театр әртісі Д.Ибрагимжанова «Ең үздік әйел адам бейнесі» номинациясымен марапатталды.

Театр ұжымы Мақтарал ауданы Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрында өткен «Театр Көктемі — 2013» облыстық театр фестивалінде Ғ.Шермухамматдың «Жаназдағы той» спектаклімен қатысып, облыстық мәдениет басқармасының арнайы номинациясы— арнайы дипломмен марапатталды.

Қарағанды қаласында өткен Қазақстан ұлттық театрларының II республикалық фестивалінде де облыстық өзбек драма театры ұжымы Ғ.Шермухамматдың «Жаназдағы той» спектаклімен қатысып, Қарағанды облысының әкімі Б.Әбдішевтің «Алғыс хатын» алдық.

Облыстық өзбек драма театрының 18 актеры кәсіби біліктілігін артыру мақсатында Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры Рахиял Машурова шақырылды және театр актерлеріне кәсіби біліктілігін артыру бойынша сабақ берді. 18 театр актері «Драма театры және кино әртісі» мамандандыру бойынша аяқтап Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының «Актерлік өнері» мамандығы бойынша сертификат алды. Танымал режиссер Аскер Құлановтың Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Қазақстан Халқы ассамблеясының 20 жылдығына арналған Б.Есенәлиевтің «Мұхаммед Хайдар Дулати» тарихи трагедиясын сахналағаны да күні кеше. Быыл өзбекстандық танымал режиссер Сайфиддин Мелиев Ш.Айтматовтың «Шыңғыс ханның ақ бұтты» аңызын сахналады.

Көктемде Шымкент қаласында өткен Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында жазушы, драматург Р.Отарбаевтың шығармаларына арналған «Театр Көктемі — 2016» облыстық театр фестивалінде Р.Отарбаевтың «Аяулым Анфиса» трагикомедиясымен қатыстық. Фестивальде театр әртісі Д.Халметова Р.Отарбаевтың «Аяулым Анфиса» трагикомедиясындағы Анфиса рөлі үшін «Ең үздік әйел адам бейнесі» және театр труппа жетекшісі, әртіс У.Насыров Итемген бейнесі үшін «Екінші пландағы ер адам» номинациясымен марапатталды.

Жас қазақ: *(жымып)* Сұхбатымыздың басында көп сөйлегенді ұната бермейтінізді айтып қалып едіңіз. Көсілдіңіз-ау!

Икрам Хашимжанов: Енді... Театр десе ішкен асын жерге қоатындардың қатарындамын. Осы театрдың уығын қадап, ыстық-суығына күйіп-піскенімді мақтан тұтамын. Біздер, қазақ пен өзбек бір дарактын бұтақтарымыз. Олай болса, достығымыз да мәңгілік!

Жас қазақ: Бәрекелді! Айтқаныңыз келсін!
Икрам Хашимжанов: Мына ала тақияны сізге сыйлайын!

Жас қазақ: О-о, керемет сыйлық болды! Рахмет, Икрам-ака!

Сұхбаттасқан
Мұхтар ШЕРІМ



Қоғамдық тәртіпті нығайту, қылмысты ашу, қауіпсіздік сақтауда полиция қызметкерлерінің жұмысы қашан да қауырт, қарбаласқа толы. Асқан жауапкершілік пен табандылықты қажет ететін бұл қызметтің жауапкершілік жүгін арқалау оңай емес. Елбасы Н.Назарбаев «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыруда ішкі істер мекемелеріне зор міндет жүктеп, сала қызметкерлерінің жауапкершілігін күшейтуді тапсырды. Осыған орай халықтың өмірі мен тыныштығын сақтауда өзіндік үлес қосып жүрген Маңғыстау облысындағы Қарақия аудандық ішкі істер бөлімінің жұмысымен таныстық.

Аудандық ішкі істер бөлімінің қызметімен танысқанымызда, танертенгі сапта тапсырма алған жеке құрам қарбалас жұмыс үстінде екен. Елге адал қызмет етуге ант берген тәртіп сақшыларының бірі — шағым қабылдап жатса, екіншісі — оқиға орнына аттануға дайындалуда. Техник-криминалист Б.Шаматаев жұмысқа қабылданып жатқан



қылмысты ашуы жылдан-жылға оң нәтиже беріп келеді. Айталық, қылмыстың статистикалық көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 40,4%, яғни 141-ден 198-ге артты. Қылмыстың ашылуы 64,8%-дан 73,7%-ға жоғарылады. Тіркелген қылмыстардың ішінде онша ауыр емес қылмыстар санаты 36,0%-ды құрап, 50-ден 68-ге жоғарылап, тергеу өндірісінен 44 қылмыстық іс аяқталды. Осы қылмыстың ашылу көрсеткіші былтырғы жылмен салыстырғанда 76,8%-дан 93,6%-ға жақсарды. Орта дәрежедегі қылмыстар санаты 7%-ға, яғни 86-дан 80-ге төмендеп, тергеу өндірісінен 41 қылмыстық іс аяқталды. Бұл қылмыстың ашылу көрсеткіші 56,6%-дан 58,6%-ға жоғарылады. Ауыр қылмыстар 4-тен 16-ға артып, тергеу өндірісінен 12 қылмыс аяқталып,

жөніндегі орынбасары Аманбек Көшовтің айтуынша, қиындығы мен қауіп-қатері қатар жүретін мамандық иелері аудан өміріндегі мәдени-спорттық, бұқаралық шараларға белсенді қатысады. Айталық, қоян-қолтық күрестен облыстық чемпионатта жеке құрамда 1-орынды иеленіп, спорт түрінен облыс, республика көлеміндегі жарыстарда топ жарып, ұжымның мерейін үстем етті.

Полиция подполковнигі А.Көшов «Жеке құрамның әскери дайындығын шыңдау мақсатында атыс және дене даярлығы, оқу-жаттығу тұрақты өткізіліп тұрады. Біздің бөлім қоян-қолтық күресін дамытуды жолға қойып отыр. Қызметкерлеріміз осы спорт түріне машықтанып жүр. Сондай-ақ бөлім жанынан құрылған «Сарбаз» қоры да қызметкерлерді мәдени шараларға қатысуға дайындайды. Басшы құрам мен қатардағы қызметкерлер оқу



қызметкердің саусақ іздерін алып жатты. Бұл қылмыстық жағдай орын алған жерде қызметкерлер айғақтарды ұстаған кезде саусақ іздерін айыру үшін қажет екен. Ішкі істер бөлімінің басшысы Сағындық Аяғановтың айтуынша, қоғамдық тәртіптің берік орнығуына, тұрғындардың қауіпсіздігі мен тыныштығына тікелей жауапты құқық қорғау органы саласының қызметкерлері қай кезде де жоғары талаптың үдесінен көрініп, жауапкершілік міндетінен жаңылмауға тиіс. Осы ретте Қарақия аудандық ішкі істер бөлімінде 100-ге жуық тәртіп сақшысы қылмыстық әрекет пен құқықбұзушылыққа қарсы күресті белсенді түрде жүргізіп келеді. Ауданға қарасты 10 елді мекенде 14 учаскелік полиция мен олардың 16 көмекшісі бар. Жасөспірімдер арасында қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыспен күрес жүргізу мақсатында аудан көлемінде 10 мектептілік инспектор қызмет етеді. Ол «Бөлімнің қызметін жетілдіру, материалдық-техникалық базаны нығайтуда қолдаудан кенде емеспіз. Материалдық-техникалық базамыз толықтай жасакталған. Бөлімдегі уақытша ұстау абақтысы, жедел уәкіл тобы, кезекші бөлім, учаскелік полиция қызметкерлері қызметтік көлікпен қамтамасыз етілген», — дейді.

Сондай-ақ Сағындық Күзембайұлы қоғамдық тәртіпті нығайтуда нәтижелі жұмыс атқару бағытында нақты іс қолға алынғанын айтты. Келер жылдан бастап Жетібайға 19, Құрыққа 17 камера қою жоспарланған. Сондай-ақ аталған ауылдарға бағдаршам орнатуға ұсыныс берілді. Облыстық мәслихаттың шешімімен 2015-2018 жылдары кезең-кезеңімен ауданға 15 учаскелік тірек пунктін салу жөнінде кешенді жоспар бекітілген. Мұндай пункттер Құрық пен Жетібайда бесеуден және Бостан, Сенек, Құланды, Болашақ ауылы мен Ералы стансасында салынбақ. Сонымен қатар келесі жылы халық саны көп Жетібайдан ауылдық бөлімше, Құрықтан жана үлгідегі ішкі істер бөлімін салу бағытында жұмыстар жүргізілуде.

ҚЫЛМЫС АШУ КӨРСЕТКІШІ ЖОҒАРЫ

Сағындық Күзембайұлы әңгіме барысында біраз статистиканы келтірді. Оған қарағанда, аудандық ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің

САҚШЫНЫҢ БІР КҮНІ

ашылу көрсеткіші 66,7%-дан 85,7%-ды құрады. Аса ауыр қылмыстардың ашылуы 100%-ды құрады.

Оның айтуынша, ұрлық қылмысы өткен жылмен салыстырғанда, бір деңгейде қалып отыр. Тергеу өндірісінен 29 қылмыстық іс аяқталып, 23 құқықбұзушылық істің тергеу мерзімі үзілген. Осы санаттағы қылмыстың ашылу көрсеткіші 46,9%-дан 55,8%-ға жақсарды. Мал ұрлығы 25%-ға азайып, қылмыстың ашылуы 62,5%-дан 100%-ға жоғарылады. Ұялы телефон ұрлығы 43,5%-ға төмендеп, ашылу көрсеткіші 66,7%-ды құрады. Көлік құралдары және түсті металл ұрлықтары тіркелген жоқ. Пәтер ұрлығы 17,6%-ға көбейіп, қылмыстың ашылуы 59,1%-ға жақсарды. Алаяқтық қылмыстары былтырғы жылмен салыстырғанда 75%-ға көтеріліп, ашылу көрсеткіші 100%-ды құрады. Бұзақылық қылмысы былтырғы жылмен салыстырғанда 3 дерекке артып, ашылуы 88,5%-ға дейін жақсарды.

Тергеу мен анықтау саласына тоқталатын болсақ, 2015 жылдың 9 айы ішінде барлығы 406 қылмыстық іс тіркелді. Тергеу мен анықтау бөлімшесімен өндірістегі қылмыстық істер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына, заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тарту, заңсыз қылмыстық істерді қысқарту деректерінің орын алуына жол берілген жоқ. Ағымдағы жылдың 9 айында Қарақия ауданы аймағында 34 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 9 адам қаза тауып, 56 адам әртүрлі дене жаракатын алған. Сондай-ақ жыл басынан бері 2827 әкімшілік құқықбұзушылық анықталды. Барлығы 1662 хаттамаға 12 719 665 теңге айыппұл салынып, оның 10 263 066 теңгесі өндірілген.

ЖЕКЕ ҚҰРАМНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Қарақия аудандық ішкі істер бөлімі басшысының кадр және тәрбие

орталықтарында кәсіби біліктілігін арттыру курсына жіберіледі. Жыл сайын заңдар өзгеріп, жана бұйрық пен нұсқаулар шығып жатқандықтан, оны уақтылы игерудің, жеке құрамның білім-білігін арттырудың маңызы зор. Ағымдағы жыл басынан бері аудандық бөлімнен 8 қызметкер Астана, Алматы қалаларындағы оқу орталықтарында тәжірибе жинақтап келді. Жеке құрам арасында келенсіз жағдайлар орын алған жоқ. Танертенгі және кешкі сапта жемқорлыққа қарсы дәріс оқылады. Биыл 23 маусым полиция қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан полиция қызметкерлеріне мәңгілік ескерткіш тақта қойылды. Қызметте, қоғамдық тәртіп пен қылмыспен күресте міндеттерін мүлтіксіз атқарып жүрген полиция қызметкерлерінің еңбектері бағаланып, кәсіби және мемлекеттік мерекелерде марапатталып жүр», — дейді.

Аудан көлемінде «Тұрмыс», «Бөгет», «Автобус», «Соғым», «Қауіпсіз жол», «Пәтер», «Іздестіру», «Қайыршы» тақырыбында құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілік және т.б. жедел сауықтыру іс-шаралары ұйымдастырылды. Алдын алу жұмыстарының нәтижесінде көшене орын алған қылмыс 14,3%, қоғамдық орындарда 18,2%, көмелетке толмағандармен жасалған қылмыс 33,3%, мас күйінде жасалған қылмыс 69,2% төмендеген.

Аудан халқының тыныштығын күзетіп, қауіпсіздігін қорғау жолында еңбек етіп жүрген тәртіп сақшылары өздеріне артылған сенімнің үдесінен көрінуге бар күш-жігерін салып жүр. Құқық тәртібін тек полицияның күшімен нығайту оңай емес, бұл халықпен тығыз байланыста іске асырылатын ортақ іс.

**Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Суреттерді түсірген
Талант ҚҰСАЙЫН**

ТІРШІЛІК ЖҚ 11

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Поэзия

Маңғыстаулық ақын, сазгер, сықақшы, журналист, балалар жазушысы Ерекен Қорабаев 60 жасқа толды. Мерей той иесінің құрметіне белгілі кәсіпкер, атымтай жомарт Самат Мұсабаев туған жерінде әдеби-сазды кеш ұйымдастырды. Шайыр ауылының мәдениет үйінде өткен кеште ақынның «Есі бар тентек» және «Маңғыстау әзілдері» атты қос кітабының тұсауы кесіліп, өндері шырқалды. Оқырмандары ақынның өлең шумақтарына, көңіл жадыратар әзіл-қалжыңдарына сусап қалса керек, залда ине шаншар орын болмады.



Шайырыма қайтармын...

— Осыдан 10-15 жыл бұрын Шайырдан тарыдай болып аттанған Ерекен бүгін таудай абырой-беделмен ортамызға оралып отыр. Тілеулес жандардың, Саматтай інілерінің қолдауының арқасында осы кешті облыс орталығына өткізуіне мүмкіндігі бола тұра, өзінің балалық, жастық шағы өткен Шайыр ауылында, ауылдастарының алдында шығармашылық кешін өткізуді жөн санаған екен. Ендеше, әдемі кешке қош келдіңіздер!.. Ерекен Астарханның байланыс техникумын бітіріп келіп, ауылда байланысшы болып жұмыс жасады. Ауылдастары жақсы біледі сол кездерде «қара жөшігіміз» жасамай қалған кезінде сонын жедел жәрдем дәрігері, шебері осы Ерекен болатын. Қай үйде теледидар жасамай қалса, Ерекенді іздейміз, оның кетпегенін қалап, осы Шайырда 10-15 жыл ұстап, жібермедік... Жалпы, Ерекеннің таланты мектеп кезінде танылды. Әдемі әзілі, күлдіргі әңгімесі сол кездің өзінде де танымал болды. Облыс орталығына

кәсіпкер Самат Мұсабаев, танымал ақын Светкалі Нұржанов, Маңғыстау ауданы мәслихатының хатшысы Абзал Сарбалаев, Шайыр ауылының әкімі Ғабиден Нұржаубай ізгі тілектерін білдірді.

Кеш ұйымдастырушысы Самат Мұсабаев «Шайырдың сұлу табиғатында өмірге келіп, алтыншы сыныпқа дейін осы жерде білім алдым. Сондықтан да мен туған жерім Шайыр болғанына қуанамын. Шайырлықтар болып, Ерекен ағамыздың 60 жасын атап өтейік деп ақылдасып, әдемі кеш ұйымдастырғанды жөн санадық...», — деді.

Кеште жергілікті өнерпаздар Марат Сафаров, Асанәлі Көшеров, Гүлжайна Жолдыбаева, Кәмшат Ізтілеуова және «Самға» тобы өнер көрсетіп, көпшіліктің қошеметіне бөленді. Жылған жұрт жүректі жарып шыққан әдемі әндерді ерекше ықыласпен тыңдады.

— Алпыс деген жас бөркінді аспанға атып лақтырып, қуанатын жас емес. Кешеден бері алпыстамын десем, бұрыннан ойнап-күліп жүрген



қоныс аударғаннан кейін шығармашылығына ден қойып, жана тың туындыларды жазып шықты. Маңғыстау жайында бірнеше әндерді өмірге әкелді. Қазақта: «Ер жігіттің алпысы-өмірінің тал түсі», — деген, өмірінің лайым да тал түсі болсын, күні еңкеймесін. Шығармашылығына табыс, отбасына бакыт тілейміз, — деген кеш иесінің ұстазы Оразғали Өтеулиев қос кітаптың тұсауын кесті.

Балалар әдебиеті мен сықақ жанрына айтарлықтай үлес қосып жүрген каламгерді мерейлі мерекесімен құттықтауға облыстық мәслихаттың хатшысы Бекмұрат Жүсіпов, Маңғыстау ауданының әкімі Жармағамбет Айтуаров, Түпқараған ауданының әкімі Темірбек Асауов та арнайы келіп, ақжарма тілектерін ағытып, сый-сияпаттарын табыстады. Сахна төріне көтерілген белгілі

келіншектер маған аяушылық көзқараспен қарап жатыр... Адам басына бак қонады дейді ғой. Сол бакты әркім бағалай білуі керек. Мен де Сіздерге сол қонған бакты өз денгейінен түсірмей, ұстап тұруға уәде беремін. Негізінде, мұндай кеш жасау менің қолымнан келмейді. Осындай деңгейде кеш ұйымдастырып, қос кітабымның жарыққа шығуына қолдау көрсетіп, демеуші болған азамат Самат ініме алғыс айтамын. Бала-шағаның қызығын көр, — деген кеш иесі Ерекен Қорабаев тыңдарманға 60 жасқа арнап шығарған тың туындысын оқып берді.

Жиналған жұртшылық рухани азықпен сусындап, мерекелік кештен риза болып тарқасты. Кештен соң қонақтарға қонағасы берілді.

**Акерке
ҚАРШЫҒАТЕГІ**



ЖҮЙРІК АТ. Ер жігіттің жүйрік аты — қанаты. Астында арғымағы болса, ондай көшпенді баласының қазынасы түгел саналады. Өйткені, ат қашаннан байлық. «Мінсең — көлік, жесең — ас, ішсең — сусын» — деп бекер айтпайды.

ҚЫРАН БҮРКІТ. Бүркіт ықылым замандардан бері көшпенді ұландарының серігі, аңшының қолқанаты болып келген. Сондықтан, бабаларымыз ұлдарын қыран құсқа: бүркітке, қаршығаға теңеген.

ҰШҚЫР ТАЗЫ. Ит — қашаннан адамзаттың досы саналады. Қазақ дәстүрінде де иттің орны ерекше. Жеті қазынаның бірі саналуы тегін емес. Ал тазы ит тау жайлаған халқымыз үшін тіршілік етудің, күнкөрістің бір көзі.

СҰЛУ ЖАР. Ер жігіттің сұлу жары — Жеті қазынаның бірі, бірегейі. Қашаннан сұлу жарсыз, батырдың да, балуанның да төрт құбыласы түгел болмаған.

ҚАНДЫ АУЫЗ ҚАҚПАН. Жеті қазына — аңшы жігітке қарата айтылған атау. Сондықтан қақпан аңшы қаруының ішіндегі ең көне, дәстүрлі жәдігер.

БЕРЕН МЫЛТЫҚ. Аңшы үшін оқшантайы оққа толған мылтықтан артық дос бар ма? Тау асып, тас басып, аң шолған азаматтың бір досы, бұл.

АУ МЕН ӨТКІР КЕЗДІК — Жеті қазынаны тұжыратын ер жігіттің таусылмас қазынасы. Ау да, кездік те аңшының қажетті қаруы.



құнды. Сондықтан бүркітшілікке қатысты толық тоқтала кетсек.

Бүркітшілік — бекзада өнер. Көшпенді үшін құсбегіліктен асқан қызығы мол кәсіп жоқ. Сондықтан да кез келген қазақ аңшы-бүркітшілерді ерекше құрметтеген. Аңшы мен құсбегіге астындағы атын, қолындағы қыранын беруге дайын.

Тасқа басылған тарих көп. Соның бірі — құсбегілердің атасы «Жалайыр Шора» туралы аңыз. Ол — «Ұшсам қанатым талады, қонсам Жалайыр Шора алады» — дейтін бүркіттің зарына айналған құсбегі.

Жас бүркітке арналған дайындықтың бірі — шығра тарту. Шақыруға үйренген қыран шығраға да түседі. Шығра — балапан құсты ауыздандыру деп те аталады.

Қыранның түрі көп. Тау бүркіті, жазықтың қыраны болып бөлінеді. Мінезі мен болмысына қарай да бөлуге болады. Қасқыран — құстың төресі. Ірі аңға түседі. Құсбегілер қыранды екі түрлі жолмен ұстаған. Бірі — балапан кезінде ұядан алады. Оны — Қолбала дейді. Екіншісі — ұшып жүрген құсты ұстайды. Ол — түз бүркіті деп аталады. Екеуінің құсқа тән қасиеті, мінезі екі түрлі.

Қолбала көбіне аяқ салғыш (*адамдарға, иесіне шабуылдауға бейім*) болады, одан кейін көп шаңкылдайды. Ал түз бүркіті аяқ салуды, шаңкылдауды білмейді. Түз бүркітінің ұшу мәнері көбіне түзде жүріп, ата-анасы үйреткен әдіспен жақсы ұшатын болады. Қолбала желге, анау-мынауға ыңғайы келмейді.

Қазақта «Құланды да жыландай кісі атады» дейді. Бүркітті де қырандай алам ұстайды. Оны қолға үйрету, баптау, аңға салу — үлкен еңбек. Құсбегі — құстың тілін білетін жан. Еркіндіктің қыраны иесіне де жақсы қасиет сыйлайды. Бүркітшілер әділдікті сүйеді, еркіндікті жаны қалап тұрады.

Жалпы құс өзі адамды батырлыққа үйретеді. Бұрын ата-бабаларымыз жаугершілік замандарда кішкентай балдарды қалқан, қылыш ұстауға ең бірінші осы қыран құстармен үйреткен. Бойына қазақы рух, даланың батылдығын сіңіру үшін. Баланың бойындағы жігерді, намысты, батылдығын ояту үшін осы қыран құстармен баулыған деген әңгімелер бар. Ондай мысалдар тарихта да бар.

Дайындаған
Макпал
НОҒАЙБАЕВА

ҚЫРАН БҮРКІТ

ҰШҚЫР ТАЗЫ

СҰЛУ ЖАР

ҚАНДЫ АУЫЗ ҚАҚПАН

БЕРЕН МЫЛТЫҚ

АУ МЕН ӨТКІР КЕЗДІК

«Жеті қазына»
сөйлесін!..

Астанадағы аламан бәйге



**«Алтын тұлпар»
жарыстарының жеңімпазы
10 миллион теңге ұтып алды.
Аламан бәйге бойынша
республикалық турнир
Елордадан 30 шақырым
жерде Қабанбай батыр
ауылында өтті.**

Шабандоздың шеберлігі, сәйгүліктің шыдамдылығы — кез келген бәйгенің басты өлшемі. 51 шақырым қашықтықты өнеру үшін едәуір табандылық керек. Алматы маңындағы Дегерес кентінің 13 жасар тұрғыны Асхат Әлімжанов Жаннұр атты сәйгүлігімен жарысқа өткен жылдан бері қапысыз дайындалған болатын. Бұл еңбек еш кетпеді. Жүйрік ат қожайынына жеңіс әперді. Биылғы жылғы турнирге еліміздің түпкір-түпкірінен 67 тәжірибелі шабандоз жиналды. Екінші орын Қарағанды облысынан келген Кинас Қожахметовке бұйырды. Жұлде — 3 млн теңге. Ал үшінші орын Жамбыл өңірінің шабандозы Нұржан Егінбаевтың еншісінде. 2 миллион теңге ұтты.

Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Серік ЖОЛДАСБАЙ Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Макпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДИЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы,
93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2113;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралы есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сонымен қатар «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.